



«O'rley'» biliktilikti arttyry' ulttyq ortalyg'y» AQ fi'li'aly
Atyray' oblysy boi'yns'a pedagogi'kalyq qyzmetkerlerdin'
biliktiligin arttyry' i'nsti'ty'tynyn'

Н А В А Р С' У В Е С Т Н И К
Respy'bli'kalyq g'ylymi'-a'distemelik jy'rnaly
Jy'rnal 2013 jyldan bastap eki ai'da bir ret s'yg'ady

БАС РЕДАКТОР -

**Ғалымжанова
Маржан Анесқызы-
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Атырау облысы бойынша
педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін
арттыру институтының
директоры,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор,
Халықаралық
Ақпараттандыру
Академиясының академигі**

АҚЫЛДАСТАР КЕҢЕСІ

**Ахметова Гүлнас Кенжетайқызы – «Өрлеу» біліктілікті
арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының басқарма
төрағасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.**

**Ихсанов Ерсайын Уалитханұлы - физика-математика
ғылымдарының докторы, профессор.**

**Қараев Жауымбай Амантұрлыұлы – «Өрлеу» біліктілікті
арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы төрайымының
бірінші орынбасары, педагогика ғылымдарының докторы,
профессор.**

**Өмірбекова Жайлы Бөкешқызы – педагогика ғылымдарының
докторы, профессор.**

**Корректор –
Қаленова Гульзахира
Сапарғалиқызы**

**Көркемдеуші және беттеуші–
Сембаев Гибатолла Серікұлы**

**Жаманбаева Динара Таңбайқызы – экология магистрі, Қазақстан
педагогикалық ғылымдар академиясының Құрметті мүшесі.**

**Қарамурзин Айтбай Қонысұлы – академиялық доцент, жоғары
санатты тарих пәнінің мұғалімі.**

Журнал
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
2013 жылы мамырдың 30-да
тіркеліп,
№13648-Ж куәлігі берілген.
БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
060009-Атырау қаласы,
Авангард-4 ықшам ауданы,
Адмирал
Лев Владимирский,24
тел.: 8(7122) 20-08-34
факс: 8(7122) 58-63-45
Ресми сайт: www.orleu-atr.kz
Эл.пошта: orleu_baspa@mail.ru

Басуға 2020 жылы 28 тамызда
қол қойылды.

Пішіні – А4
Әріп түрі Times New Roman
Қағазы офсеттік.

Шартты баспа табақ – 4,6

Бағасы келісімді.
Мақала қазақ және орыс тілдерінде
қабылданады.

Мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасын
білдірмейді.

Тапсырыс дайын
диапозитивтерден басылады.
Қолжазба қайтарылмайды,
мақалаларға пікір
жазылмайды.

МАЗМҰНЫ

<i>Педагогтік зерттеулер</i>	
Даулбаев М.О. Қазақ тарихындағы билер және Қазақстан Конституциясы	3
Сарсекенова А.Б. Буллингтің алдын алу, мәселелерді шешуде әлеуметтік сала субъектілерінің өзара әрекеті	8
Адилова М.К. Педагогикалық зерттеулердегі әлеуметтік әдістердің маңыздылығы	9
<i>Қашықтықтан оқыту</i>	
Есенбекқызы М. Білім беру ұйымдарында цифрлық білім беруді ұйымдастыру	13
Конқаева О. Б. Қашықтықтан оқыту талаптарына сай мектепке дейінгі ұйым әдіскерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру	15
Сағымбаев Қ.Б. Алғашқы әскери дайындық пәнін заманауи оқыту әдісі	18
Жаманбаева Д. Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттырудың өзектілігі	19
<i>Әдістемелік қоржынға</i>	
Жубауова Ж. Р. STEM-оқыту негізінде жаратылыстану-математикалық пәндерін пәнаралық кіріктіру	21
Кадашаева С. С. Бастауыш сыныпта оқушылардың орфографиялық дағдыларын қалыптастыру бағытында жүргізілетін жұмыс түрлері	26
Торбекова Э.А. Инклюзивті білім беруде тиімді әдістерді қолдану	28
Ихсанов Х.У. Дене тәрбиесі-салауатты өмір негізі	31
Жумағалиева К.К. Оқушыларға сәндік үлгіні үйрету арқылы жоғары талғамын қалыптастыру	33
Клауова Г.Қ. «Тыңдандар, тірі адамдар!»	36
Мансариева А.Т. Заманауи әдістемелік технологияларды қолдана отырып шет тілін оқытудың маңыздылығы	41
Калдыгарина Ж.С. Формирование языковой компетенции на уроках русского языка	44
<i>Мектепке дейінгі білім мен тәрбие</i>	
Бескулова Б. Д. Внедрение в обучение дошкольников элементов устойчивого развития	47
Султанова Н. Д., Жиёмбаева В. У., Абуева А. К. Балабақшадағы Lego технологиясы арқылы инновациялық- педагогикалық тәжірибе тұжырымдамасы	49
Губашева С. Х. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дарындылығын асық арқылы дамытудың жолдары	55
Батырова Х.Ж., Қалауова А. Р. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда ескерілетін мақсаттар мен міндеттер	59
Жиёмбаева В. У. Роль театрализованной игры в развитии речи дошкольников	61
Жолданбаева И.Н., Суюндукова Ш.У. Забота о здоровье детей – первостепенная задача нашего педагогического коллектива	63
Стамгазиева Ф.У. Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет	65
<i>Сабақ жоспарлар</i>	
Шихиева С. Заттарды жіктеу	66

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ БИЛЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫ

Даулбаев М.О.

Ұстаз-композитор,

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Атырау облысы бойынша ПҚБАИ

Оқу жұмысы және мониторингтік қызмет бөлімінің бас маманы

Қазақ мәдениеті біздің дәуіріміздің арғы жағындағы скиф-сақ тарихынан басталып, түркілер тарихына жалғасады. Ғалымдардың анықтауынша, б.з.д. Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпалары, одан кейін сақ-үйсіндер, ғұн-сақтар сосын ғұндар, содан соң түркілер болып өрбиді.

Б.з.б. V-IV ғасырларда Қазақстан аумағында мекендеген сақ тайпаларын ру-тайпа жетекшілері-ақсақалдар басқарған. IV ғасырда өмір сүрген грек тарихшысы Лукиан Самосатский сақ қоғамындағы ру-тайпа басшыларына байланысты былай деп жазады: «Егер сақтар арасында біреуге біреу жайдан-жай қол жұмсаса немесе жерге құлатып, киімін жыртса, ақсақалдар бұл үшін айыптыға үлкен жаза кеседі. Бұл үшін арнайы тергеу жүргізіліп, куәгерлер тыңдалады». Яғни, сақ тайпаларындағы ақсақалдар кеңесі мен қазақтың билер кеңесі арасында көп ұқсастық бар.

Көне қытай жазба деректерінде (б.з.д. III-I ғғ.) бұрынғы сақтар қоныстанған жерлерді қаңлы, үйсін, ғұндар т.б. қазақ халқын құрауға қатысқан түркі тайпалары мекендегенін жазды. Б.з.д. III-б.з. II ғасырларында қазіргі Қазақстан жеріндегі үйсін билеушілерінің атына «би» сөзі қосақтала айтылып, үйсінде ұлыс бегі, орда бегі деген лауазымдар да болған. Мұндай лауазымдар б.з.д. II- б.з. I ғасырларында Қазіргі Қазақстан аумағында орналасқан Ғұн тайпалық бірлестігінде де болған. Яғни түркі тіліндегі «бек» ұғымы мен қазақ тіліндегі «би» ұғымы өте ерте дәуірлерден бар.

V-VIII ғасырлардағы «Түркі қағанаты» кезіндегі «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк» тәрізді көне түркі жазбаларында «бек» сөздері жиі кездеседі.

IX-X ғасырлардағы түркілер өмірінің біраз көріністері Қорқыттың «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғыз қаған жыры» кітаптарында бейнеленеді.

Ұлы дала XI ғасырдан бастап Дешті Қыпшақ (парсы тілінде Қыпшақ даласы), орыстарда Половецтер даласы, Еуропада Кумания аталды. Осы кезде «Кодекс куманикс» кітабы болды.

Қазақ жері оныншы ғасырда ислам мәдениетін жасауға қатысты. Отырардан шыққан Әбу-Насыр әл-Фараби ғылымның сан-саласын зерттеді. Көне грек ойшылдары мен математиктері Аристотель, Евклид, Платонды әлем әл-Фарабидің түсініктемелері арқылы таныды. Әл-Фараби «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактатын жазды. Ол ақыл, парасаттылық, батылдық, әділдік, шешендік өнер т.с.с. сапалар арқылы әрбір адам баласының бақытты өмір сүргенін қалады. Әл-Фарабиден кейін Сайрамда туған (қазіргі Түркістан облысының аумағы) бүкіл түркі жұртының рухани атасы болған Ахмет Иасауидің аты шықты. Ахмет Иасауидің «Хикметтер» кітабы халықты имандылықпен ар-ұятқа үндеді.

XI-XII ғасырларда Қарахан қағанаты тұсында, яғни, XI-ғасырда Шу бойынан шыққан Жүсіп Баласағұни «Құтты білік» мемлекетті басқару қағидалары мен принциптерін, елге билік жүргізудің ережелері мен тәртібін, қоғам мүшелерінің мінез-

құлық және әдеп-ғұрып нормаларын жыр еткен этикалық-дидактикалық мазмұндағы кітабын жазды. Махмұт Қашқари өзі өмір сүрген уақыттағы түркілердің «Сөздігін» жасады. Сөздік кітапта «Күнде сызат жоқ, бекте қайту жоқ», «Батырмен ұрыспа, бектермен тұрыспа» деген билікті сыйлау, құрметтеу мағынасында нақыл сөздер бар.

XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда дәуірінде тарих сахнасына Майқы би, қоңырат Саңғыл би шықты. Қазақ тарихындағы билер институтының есімі белгілі алғашқы өкілі Майқы би-Шыңғыс ханның заңдар жинағы «Ұлы Жасақты» құрастыруға қатысқан кісі. Ол өмір сүрген кезден «Түгел сөздің түбі бір, Түп атасы-Майқы би» деген сөз қалған. Сондай-ақ бұл кезде Аяз би, Едіге, Жиренше, Бәйдібек, Асан билер өмір сүрді.

XIV ғасырдың басында Алтын Орда: Көк Орда, Ақ Орда болып екіге бөлінді. Едіге Сарайшықта билік құрып, би болды. XV ғасырда Көк Ордадан Қазақ Ордасы бөлініп, Көк Орда жерінде Керей мен Жәнібек сұлтандар Қазақ Ордасын құрды. Осы Керей мен Жәнібектен бастап басқарған Қазақ хандығы қазақтың соңғы ханы Кенесарыға дейінгі аралықта еліміздегі хандардың қасында көптеген көмекші билер билік жұмыстарына араласып отырды. Қазақ мемлекетінің саяси және әлеуметтік құрылымының ғұрыптық құқық негізінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуші билер болды. XV-XVI ғасырларда «жырау», «батыр» және «би» ұғымдары өзара тығыз астасып жатты.

Қасым хан қазақ халқын басқарған кезде «Қасым ханның қасқа жолы» атты әлеуметтік маңызы зор, Дала заңы негізін жасаған нормативтік-құқықтық ережелер жинағы болды.

Есім хан қазақ еліне «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын ұлттық заң жүйесін жасау арқылы халық арасында әдет, әдеп, тәртіптік салт-дәстүрлер негізін одан әрі бекіте түсті.

Тәуке ханның мәңгі ұмытылмас жұмыстарының бірі, әйгілі «Жеті жарғы» деп аталатын құқық жүйесі болды. Ол билік еткен кезең Қазақ хандығының «Алтын ғасыры» саналды. Хандықта билердің беделінің биіктігі сонша, олардың келісімін алмай Тәуке хан шешім шығармайтын. Осы тұста Төле би, Қазбек би, Әйтеке би есімдері халық жадында мәңгілікке қалды.

Абылай хан болған кезде Қазақ мемлекетінің дербестігін, оның қорғаныс қабілетін нығайту үшін бүкіл елді, оның беделді би, батырларының басын қосты. Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Бұқар және басқа батыр, билерді өз қасына жинап, олардың ақыл-кеңестерін басшылыққа алып отырды. Бұл Абылайдың абырой, беделін көтерген істерінің бірі болды. Төле биден «Елге бай құт емес, би-құт», «Қабырғадан қар жауса-атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе-қабырғалы биге күш» деген қағида, ереже сөздер қалды. Қазбек би қазақ құқығының тарихында «Заң шығарушыға айналып, өзінің артына бірқатар нормативтік-прецеденттік мәні бар мұра қалдырған. Ал, Әйтеке би айтыпты дейтін нормативтік ереже: «Көрген алмайды, білген алады». Әйтеке би ұрпақтарына «Менің өмірім-өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» деген өсиет қалдырған.

Орталық Азияның Ұлы Даласында немесе қазақ-қыпшақ жерлерінің тікелей мұрагері болып табылатын қазақ хандықтарының, жүздері мен рулық бірлестіктерде «би» ұғымы соттық сипаты басым, өзгеше мәнде дами бастады. Билер әділ сотпен байланысты ерекше топты құраған болатын. Ұлы Даладағы сот билігі екі мағынада көрініс береді: біріншіден – дала жұртындағы сот ісін жүргізудің негізгі құралы, екіншіден–құқықтүзушілік сипатқа ие болды. Қазақ билері соттың да, заң

шығарушының да рөлін атқарды. Бұл қазақ билерінің басқа түркі тілді елдердегі бек-билерден басты айырмашылығы болып табылады. Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қолжеткізуге тырысатын.

Бидің қазақ жұртындағы көтерер жүгі ауыр еді. Би тарихи-құқықтық жағынан терең білімді болумен қатар қолданылып жүрген Дала құқығы жүйесін жетік меңгеруі тиіс болды. Қазақ сотының бұл бейнесі XIX ғасырдың ортасында да халық санасында сақталды.

Қазақ қоғамының ортағасырлық саяси-құқықтық тарихына заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» туралы пікірді алғаш білдірген орыс зерттеушілері. Бұл орайда А.И.Левшин бірінші болып қалам тербеді. А.И.Левшиннің ізін баса қазақ даласының кемеңгер ойшылы, әрі ғалымы Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» жаңғырығы туралы естіп, «Алтын ғасырдың» бейнесін дәлме-дәл жазып берді. Бұл кезеңді ол «Ежелгі халықтық тұрпаттағы сот» бейнесімен астастыра отырып, оны қазақтардың Ұлы Даласының өміріндегі тарихи тұрғыда ерекше құбылыс ретінде бағалады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей самодержавиесі қазақ халқын отарлау саясатын заң жүзінде нығайтты. Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы ереженің (1968) негізінде қазақ халқы болыстар мен уездерге бөлінді (кейін Жетісу қосылды).

Қазақтардың бүкіл «саяси өмірі» жергілікті өзін-өзі басқарудың осындай «шектеулі аясына» таңылды. Абай Құнанбаев өзінің поэтикалық шығармашылығында жергілікті өзін-өзі басқаруды сайлаудың қазақтар үшін қаншалықты қасірет әкелетінін айтты. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында қазақ зиялылары арасынан саяси қызмет жолына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков және басқа да көрнекті тұлғалар кірісті.

1905-1907 жылдардағы Ресейдегі дүмпу қазақ еліне де либералдық, демократиялық көзқарас алып келді. Қазақтар Омбы, Қарқаралы көтерілістеріне қатысады.

XX-ғасырдың бас кезінде Ресейдегі саяси әлеуметтік оқиға, мемлекеттік Думаға шақырылу болды. Қазақ сахарасында Думаға депутат болып сайланып, ұлтының азаттығы мен бостандығы үшін күрескен зиялы азаматтардың еңбегі ерекше. Зерттеуші-ғалым Әмірзақ Озғанбаевтың айтуы бойынша, I-II мемлекеттік Думаға депутат болып он екі қазақ сайланыпты. Олар: Алпысбай Қалменұлы, Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов, Бақтыгерей Ахметұлы Құлманов, Бақытжан Байсалұлы Қаратаев, Молда Тайынұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Дәуітноян Тұңғыт, Сәлімгерей Сейітханұлы Жантөре, Темірғали Төтеұлы Нұрекен, Тілеулі Алдабергенұлы және Шәймерден Қосшығұлұлы. Қазақ халқының басын біріктіріп, оны рухани идеялық жағынан топтастыратын елді бастайтын серкелер қажет болды. Міне осы серкелер оқыған, білімді қазақтың зиялылары арасынан шықты. Олардың біразы Ресей мемлекеттік Думасына депутат болды. Қазақ жеріне дендеп енген орыс қоныстанушыларынан ол кезде өзінің ата-қонысын сақтап қалатын күш болмады. Сондықтан халық арасынан шыққан зиялылар басқаша тактика ұстанды. Яғни, бірінші орыстың тілін жетік білу керек, екінші орыстың заңдарын жетік білу керек, одан кейін халықты біріктіретін саяси газеттік үн жария керек. Осындай қажеттіліктермен дүниеге «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы келді. Одан кейін де қазақтың басылымдары шыға бастады. Ең алғашқы қазақ

басылымдарының бірі Санкт-Петербург қаласында жарық көрген «Серке» газеті. Бұл газеттің жарық көруіне Міржақып Дулатовпен Шәймерден Қосшығұлұлы басшылық жасады.

1911 жылы Троицк қаласында «Айқап» журналы жарық көрді. Журналдың шығарушысы және бас редакторы Мұхамеджан Сералин болды.

Осы 1911 жылы Барлыбек Сыртанов Әлихан Бөкейхановтың өтінішімен С.Б.Алашинский деген бұркеншек атпен Қазақ елінің алғашқы Конституциясын («Қазақ елі уставы») жазып шықты. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтардың тынымсыз еңбегінің арқасында 1913 жылы Орынборда «Қазақ» газеті шығарылды. Патша ағзамның 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы қазақ жерінде ұлт-азаттық көтеріліс болды.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда І-бүкілқазақтық съезд өтті. Съезд көптеген мәселелермен бірге, саяси партия құру туралы шешім қабылдап, «Алаш» партиясы құрылды. 21 қараша күні «Қазақ» газетінде 10 баптан тұратын «Алаш» партиясының негізгі бағдарламасы, жобасы толығымен жарияланды. Осы 10 бапта «Алаш» партиясының мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, құқық, дін, сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрену, жер мәселелері қамтылды.

1917 жылы желтоқсан айында Орынбор қаласында бүкілқазақтың ІІ-съезі өтті. Осы съезде қазақ автономиясын жариялады. Халық кеңесіндегі Үкіметті «Алашорда» деп атап, «Алашорда» үкіметі құрылды. 1919 жылдың көктемінде қазақ даласы майданындағы күштердің ара салмағы большевиктер пайдасына шешіліп, шілде айында қазақ өлкесін басқаратын революциялық комитет құрылып, оның бірнеше орындарына алаш қайраткерлері енгізілді. Осыдан соң, Алаш үкіметі амалсыздан Совет билігін мойындауға мәжбүр болды.

1920 жылы 26 тамызда Қазақ АССР-і құрылып, астанасы Орынбор болды. 1924 жылы 27 қазанда Түркістан Республикасындағы қазақ жерлері Қазақ АССР-іне қарады. Оған Ташкент, Бішкектің кейбір жерлері де кірді. 1925 жылы Қазақ АССР-нің астанасы Ақмешітке көшті. Ақмешіт аты көп ұзамай Қызылорда болып өзгертілді.

Совет билігі тұсында Қазақстан конституциясын үш рет жаңартқан. 1924 жылдан КСРО құрамындағы Қазақстан 1926 жылы 18 ақпанда Конституция қабылданған кезде Ресей федерациясында еді. 1929 жылы Қазақ астанасы Алматыға көшті. Ал кейін, 1937 және 1978 жылдар Қазақ ССР Конституциялары бекітілді.

1990 жылдардың басында Қазақ ССР-інде, содан кейін Қазақстанда бірнеше заң қабылданды, онда 1978 жылғы Конституцияға елеулі өзгертулер енгізілді. 1990 жылғы «Мемлекеттік билік құрылымын жетілдіру туралы» заңға сәйкес Конституцияға Президенттің атқарушы және орындаушы биліктің басшысы екені туралы өзгеріс енгізілді. 1990 жылы 25 қазан күні Қазақстанның егемендік туралы декларациясы қабылданды. Егемендік туралы декларацияны қабылдау Қазақстанның тоталитарлық тәртіптен азат елді құруға дайын екенін көрсетуші бірден-бір айғақ болды. 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақ ССР Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. Декларация ел тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсан күні жария етті. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы Қазақстанның Жоғары Кеңесінің ІХ сессиясында 1993 жылғы 28 қаңтардағы ХІІ шақырылымында қабылданды.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда қабылданды. Ата заңымызға ҚР 1998 жылғы 7 қазандағы № 284-І және 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-ІІІ Заңдары арқылы

енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың нәтижесінде оның демократиялық сипаты арта түсті.

1997 жылдың 20 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы Жарлығы шықты. 1998 жылы 10 маусымда еліміздің бас қаласы Астананың халықаралық тұсаукесер рәсімі өтті.

Бүгінгі күні Елбасының тапсырмасымен елімізді күшейту үшін Бес институттық реформа, «100 нақты қадам» және «Ұлт Жоспары - қазақстандық арманға бастайтын жол» атты саяси мақаласына байланысты демократияландыруды күшейту жұмыстар атқарылды. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Қоғамдық диалог» тақырыбына негізделген жолдауында елдің саяси жүйесін кезең-кезеңмен жаңаша жаңғырту арқылы табысты экономикалық реформаларға қол жеткізу туралы айтылды. Президент билік жалпы мемлекеттік сындарлы міндеттерді ашық талқылауды бастауды ұсынып, көп партиялықты одан әрі дамыту, қоғамдық келісімді сақтау, халықпен тиімді байланыс орнату, митингілер туралы заңнаманы жетілдіру мәселелеріне назар аударып, жұмыстар жүргізуде.

Биылғы, 2020 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл, Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 30 жыл толып отыр.

Пайдаланған әдебиет:

1. Алтайы Оразбаева «Қазақ тарихындағы билер» А «Санат» 1999.3,5, 7,9, 13, 15-бб.
2. А.Қыраубайқызы «Ежелгі дәуір әдебиеті» А, «Мектеп» 2001. 3-5,53,62,64,74-75 бб.
3. «Қазақ өнерінің тарихы». I-том. Алматы, «Өнер» баспасы 2007. 153-бет.
4. Тұрсын Сұлтанов «Қазақ хандығының тарихы» Алматы, «Мектеп» 2008.11 бет.
5. «Қазақтың ата заңдары» III-том. Алматы, «Жеті жарғы» 2004.6-7, 106-110, 138 бб
6. М.Даутбаев «Қазақ шежіресі» ЖК «Байтасов Б.С.» баспасы. 2012. 26,55-62 бб
7. Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алаш ардагері. Ж.Ақбаевтың саяси-құқықтық көзқарастары» Алматы, «Жеті жарғы» 1996. 3-4 бб.
8. Б.Құсанбек «Ғұмыр - дария» Алматы, «Өнер» баспасы 2008. 78-82 бб
9. «Аңыз адам» журналы. №24 (108) Желтоқсан 2014.8-9, 23 бб.
10. М.Матаева «Конституционная история Казахстана и стран Центральной Азии. XX век» (сравнительно-правовое исследование) «Елорда» Астана-2007. стр10-11,13, 15, 314.
11. Интернет материалдары. kk.wikipedia.org

БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ, МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ

Сарсеменова А.Б.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Атырау облысы бойынша ПҚБАИ

*«Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» кафедрасының
аға оқытушысы*

Бүгінде буллинг әлем мектептерінде кеңінен таралып отыр. Буллинг сөзі ағылшын тілінің «bully», «қорқыту» ұғымын береді. Бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді білдіреді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде болуы мүмкін.

Бір жылдан аса уақыт бұрын еліміздегі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының «Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінез-құлқы» («Health behaviour in school-aged children») тақырыбындағы зерттеу тобы жасөспірімдер арасындағы денсаулық пен әл-ауқат көрсеткіштерін зерделеу мақсатын да қазақстандық оқушылар арасында сауалдама жүргізді. Мектеп оқушыларына сауалнама жүргізу барысында, соңғы екі айда олардың буллингке немесе кибербуллингке қаншалықты жиі қатысқанын, өздері оның құрбандарына айналғаны жайлы сұрақтардың жауаптарынан анықталды. Белгілі болғандай, 11-15 жастағы жасөспірімдердің 17%-ы мектепте айына бір немесе бірнеше рет буллинг құрбаны болған.

Осы мінез-құлықтың таралуы 11 және 13 жастағы ер балалар арасында ең жоғары көрсеткішке ие екен. Сонымен қатар жаңа технологияларды дамытумен және әлеуметтік желілерді танымал етумен буллингтің жаңа түрі кибербуллинг пайда болды.

Кибербуллинг мысалдарына қорлау хабарламаларын жіберу (мәтін немесе интернет арқылы), әлеуметтік желілерде елемеушілік пікірлерді жариялау, кемсіту фотосуреттерін орналастыру, сондай-ақ электронды нысанда біреуді қорқыту жатады.

Ғалымдардың пікірінше, буллингті мектеп деңгейінде төмендету шаралары буллингтің алдын алу бойынша бағдарламаларды енгізуді, ата-аналарды тартуды, тәртіптік әдістерді қолдануды, мектептегі әлеуметтік ахуалды жақсартуды, балаларды қадағалауды қамтиды. Қазіргі мектептерде әлеуметтендірушіден гөрі, білім беру қызметіне басты рөл беріледі. Тәрбиелеу мен білім берудің адамгершілік бағытының қалыптасуымен қатар, балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау идеясы дами бастады. Ол балалар мен жасөспірімдерге білікті психологиялық көмек көрсету проблемасының аясында пайда болды. Е.И.Казакова психологиялық-педагогикалық қолдау «балаға, оның отбасына және педагогтарға көмек көрсету, оның негізінде өзекті проблеманың шешу жолын таңдауда дамыту субъектінің барынша бостандығы мен жауапкершілігін сақтау; педагогтар, психологтар, әлеуметтік және медициналық қызметкерлердің күшін біріктірумен қамтамасыз етілетін мультипәндік әдіс; проблеманың диагностикасы мен оны шешудің субъектілік әлеуеті, мүмкін болатын шешу жолдарын ақпараттық іздеу, әрекеттер жоспарын құру мен оны іске асырудағы алғашқы көмек арасындағы үйлесімді бірлік. даму субъектінің өзі әрекеттері үшін жауапты болатын бағдарлық аумақты құруда көмек көрсету» деп түсіндіреді. Олай болса, бірігіп атсалысып, оқушылар арасындағы қақтығыстардың алдын алу, баршамызға ортақ іс.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІСТЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Адилова М.К.

Атырау облысы

Мақат аудандық білім беру бөлімінің әдіскері

Әлеуметтік әдістер зерттеуші педагогтар және тәжірибелі педагогтарға мектептің табысты жұмысы туралы дәстүрлі критерийлерден (статистикалық есеп, үлгерім көрсеткіші) басқа қосымша құндылығы кем емес, сандық өлшемдерден басқа, кез келген буынның жұмысын сапалы жағын да талдауына, содан кейін уақытында коррекциялық әрекет істеуіне мүмкіншілік береді.

Педагогикалық зерттеудегі кездесетін кеңінен тараған әлеуметтік әдістер:

Сұрастыру-бұл алғашқы ақпарат жинаудың әлеуметтік әдісі, тура немесе жанама зерттеушінің зерттелушімен (респонденттер) қатынасына негізделген. Тура қатынаста сұрастыру сұхбат немесе интервью ретінде, жанама сауалнама ретінде шығады. Ақпарат қайнары-ол респонденттің сөздік немесе жазба пікірі.

Педагогикалық зерттеуде әлеуметтік сұрастыру екі бағытта бірдей қолданылуы мүмкін: мұғалімдердің, оқытушылардың, оқушылардың немесе студенттердің сыртқы әрекеттері (қылық, пікір, қызығушылықтар) және осы қылық, пікір, қызығушылықтардың құрылудың ішкі механизмдері туралы тереңдетілген ақпарат алу.

Сұхбат-ақпаратты сөз коммуникация арқылы жинау әдісі. Ол сұрастырудың басқа түрі болып саналады және зерттеуші мен респонденттің арасында бір белгіленген тақырыпқа еркін диалог болып табылады. Сұхбат зерттеудің әртүрлі деңгейінде қолданылады, алғашқы ақпарат алу үшін де, басқа әдістермен алынған ақпараттардың, мысалы, байқау әдісімен алынған, қорытындыларды анықтау үшін де пайдаланылады. Ондай жағдайларда сұхбат қолдану өте құнды нәтижелер береді.

Оқушының оқу үлгерімінің төмендегін зерттеген зерттеуші, мұғаліммен келесі алдын-ала құрастырылған сұрақтар арқылы сөйлесе алады:

Мысалы, «Мұғаліммен сұхбаттасу үшін сұрақтар»:

1. Оқушының сабақ үлгерімі қашан төмендей бастады?
 2. Мұғалімнің пікірі бойынша, оған не себеп болды?
 3. Төмен үлгерім тұрақты ма, әлде ауық-ауық па?
 4. Оқушы барлық пәннен үлгермей ме әлде бір пәннен бе (бірнеше)?
 5. Оқу материалдарының немесе оқудың қандай түрлері оқушыға қиыншылық туғызады: дерексіз материал; деректі материал; бұрын өткен материалды қайталау қажеттілігі; білімді тәжірибеде қолдану; тағы қандай?
 6. Оқу міндетін анықтау мен алға қоюда қиыншылықтар бар ма?
 7. Сабақта баланы оқыту индивидуализациясы бар ма?
 8. Білімді, машықты, қабілеттерді бағалау оқушыға қандай әсер береді?
 9. Бала өзін әділ бағалай ма?
 10. Үлгерімге мұғаліммен қарым-қатынас, оқушылармен қарым-қатынас, ата-анамен қарым-қатынас әсер бере ма?
 11. Оқушы кітап оқығанды жақсы көре ме?
 12. Толық отбасында тұра ма, жоқ толық емес отбасында тұра ма?
 13. Үйінде жұмыс орны бар ма? (сабақ дайындайтын жер)
 14. Отбасының тұрмысы қандай?
- әлді отбасы;

- орташа отбасы;
- нашар тұратын отбасы.

15. Ата-анасының қарым-қатынастары қалай? Отбасында баланы сүйе ме, оған қамқорлық көрсете ме? Ата-анасында жағымсыз қасиеттері бар ма? (арақ ішу, нашақорлық);

16. Мұғалім баланың психологиялық ерекшеліктерін қалай бағалайды: назар; аңғарғыштық; жады; сезім ерекшелігі; темперамент; жалпы қабілеттері-арнайы қабілеттері;

17. Баланың денсаулығы қандай?

«Оқушыға қойылатын сұрақтар»:

1. Мектеп саған қызықты ма; не нәрсесі тартымды?
2. Қандай пәндерді жақсы көресің? Неге?
3. Қандай пәндерді ұнатпайсың? Неге?
4. Сабақтарда саған бәрі түсінікті ме?
5. «4» және «5»-ке оқығың келе ме?
6. Үй тапсырмаларын орындауды ұнатасың ба?
7. Қандай қоғамдық тапсырмаларды орындайсың?
8. Қандай қоғамдық жұмысты ұнатасың?
9. Кітап оқуды жақсы көресің бе? Саған қандай кітаптар ұнайды?
10. Бос уақытыңда немен айналысқанды ұнатасың?

Зерттеуші барлық жауаптарды жазып алып, оларды талдап оқушының төмен үлгерімінің себептері (физиологиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік) туралы алдын ала қорытынды жасау керек.

Сұхбат, сұрақтар қатаң бағытталған жағдайда, зерттеуші тек қана сұрақ қойып, респондент тек қана қойылған сұрақтарға жауап беретін болса, бұл сұрастырудың басқа түрі болады-*интервью*. Интервью деп зерттеуші зерттелушіден қажетті ақпаратты бағытталған тура сұхбат арқылы алған әдісті айтады.

Егер сұхбат уақытпен шектелмей бастапқыда алынған бағытқа сәйкес болмаса, интервью кезінде зерттеуші өзі жоспарын, екпінін қолға алып, қарастырылатын сұрақтарды қатаң ұстанады. Жиі кездесетін жағдай интервью сұрақтарын анкета типімен құрастырады [1].

Мұғалімнің өзіндік пәнді оқыту тәжірибесінің ерекшеліктерін зерделеу үшін «терең интервью» деп аталатын сұхбат сұрақтарын мысалға келтірейік: «Неліктен Сіз әрдайым пән үйретуде өз әдісіңізді құрастыруға тырысасыз, оның орнына дәстүрлі немесе бар жаңашылдық әдістерді қолданбайсыз? Сіз оларды барлық мұғалімдерге келе бермейтін немесе қолдануға қиындық тудырады деп санайсыз ба? Немесе өзіңіздің әдісіңіз жақсырақ, тиімдірек деп санайсыз ба? Сіздің тәжірибеңіз педагогикалық жұмысыңыздың шыңы емес пе? Сіздің жұмысыңызға мектепте тым аз көңіл бөледі деп санайсыз ба? Сіз пәніңіз бойынша, тәжірибеңізге лайықты баға алуға үміттенесіз бе? Сіздің пікіріңіз бойынша, сіз құрастырған әдістің артықшылығы неде? Қандай мәселелерді әлі өңдеуіңіз қажет? Сіздің әдісіңізді жас мұғалімдер қолдана ма? Оларға не нәрсе көңіл аударуға кеңес берер едіңіз? Сіздің тәжірибеңіз белгілі тәжірибеден қандай айырмашылықтары бар? Тағы не айтқыңыз келер еді?».

Сұхбат пен интервью зерттеушіден икемділік пен кішіпейілділікті талап етеді, сұхбаттасушыны тыңдай білу, сонымен қатар оны берілген арна бойынша жетелеу, оның көңіл-күйін түсіну, олардың өзгергенін байқап, ішкі өзгерістерінің сыртқы

пішінінде қандай белгі, қимыл, мимика, отырған отырысы, интонациясын жазып алуы қажет.

Педагогикалық зерттеуде сауалнаманы қолданғанда ол психология педагогтық әсерлердің және оның нәтижелерінің нақты тәуелділігін анықтауға бағытталған.

Сауалнама жүргізу-ол ең көп тараған ақпарат жинайтын әдіс, ол қысқа мерзімде адамдардың қылықтарын, әр түрлі жастағы, мамандықтар, әлеуметтік топтардың өкілдерінің пікірлерін және іс-әрекеттерінің үдерістерін, нәтижелерін тағы да көп нәрселерін көрсетуге мүмкіншілік береді [2].

Сауалнама–ол сұрақтардың механикалық реті емес, сұрақтар қалай болса солай, не зерттеушіге қалай ұнаса солай қойылған, бұнда сұрақтар біртұтас ретте. Сауалнама өзіндік қасиеттері бар, олар тек қана сұрақтар жиынтығы емес.

Сауалнаманың сұрақтары дегеніміз барлық сөйлеу хабарлар (сөйлеу, аяқталмаған сөйлем, кесте), сұрақ хабарлы не болымсыз сөйлем ретінде респондентті жазбаша түрде жауап беруге түрткі болады.

Қойылған мақсаттарға және болжамды ақпарат мазмұны, сауалнама сұрақтары барлығы бір-бірінен ерекше болуы мүмкін.

Ашық сұрақтар ешқандай жауаптарды ұсынбайды. Бұндай жағдайда респондентке жауап беруде еркіндік беріледі, сонымен қатар зерттеушіге кей кезде сұрақтың қай аспектісі талқылануы керек екенін білдіру қиындық туғызады, ал жауап берушіге сұрақ шектерін анықтауға және қандай жауап беру керек екені және жауапты өз бетінен дұрыс құрастыру қиындыққа түседі. «Сіз жұмысыңызда қандай әдебиетті жиі қолданасыз?» деген сұраққа респондент жауап бергенде, әдістемелік, психология педагогтік, арнайы әдебиет, көркем әдебиет, кейбір уақытта барлығын қатарынан атайды.

Жабық сұрақ дегеніміз респондентке бірнеше дайын жауаптан таңдау ұсынылатын сұрақ аталады, ол басынан бастап респонденттің жауап беру, өз пікірін білдіру еркіндігін шектейді, оны берілген жауаптар қатаң шегінде ұстайды. Егерде ашық сұрақ респондентті белсенділікке тартса, жабық сұрақ оған дайын жауап беріп, тек қана оның келісіп-келіспейтінін білдіруді талап етеді.

Жартылай жабық сұрақ дегеніміз дайын жауаптарға қосымша, кейбір жағдайларда респондент қалауы бойынша өз тұрғысынан жауап беруге мүмкіншілік береді.

Педагогикалық зерттеулерде әрдайым небір білімдерді анықтау, респонденттердің хабардар болғанын анықтау қажет. Білім туралы сұрақ қойылғанда, ол зерттелушілердің әртүрлі сұрақтарда, мәселелерде, фактілерде, қатынастарда, жағдайларда хабардар болғандығының деңгейін анықтау. *Хабардар болу* дегеніміз респондент білетін шындық фактілері, жағдаяттар, пікірлер бойынша ақпараттың мөлшерлі деңгейі.

Хабардарлықты зерделеу өте қиын міндет, неге десеңіз, түрлі мәліметтерді қабылдау және игеру әртүрлі деңгейде ерекше тереңдікпен өтеді. Ол тек қана ақпараттау үдерісінің ұйымдастыру ерекшеліктерінен емес, сонымен қатар респонденттердің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты, бір айта кететін жай, бұл жерде олардың білімдерінің мінезі сайлаулы болатынын есте сақтау.

Сонымен, педагогикалық зерттеулерде әлеуметтік әдістерді қолдану белгілі бір теория шеңберінде өз қызметін атқарып, мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді, ол тек қана фактілерді көрсетумен шектелмесе, ішкі заңдылықтарды ашып, зерделеніп жатқан

құбылыстың перспективасын айқындаса, сыртқы факторлармен қатыстырып, жалпы объективті тенденциялармен және заңдылықтармен байланыстырады.

Әлеуметтік әдістер педагогикалық жүйеде адамдардың қарым-қатынас механизмдерін түсінуге көмектеседі, содан кейін олардың айтқандарын, кең және бай мағлұматтарды жинауға, педагогика шеңберінде талдауға күшті мүмкіндік береді.

Әртүрлі, соның ішінде психологиялық білімге негізделген жинақтау және талдау коррекция әдістерін бірге қосқанда, көптеген педагогикалық зерттеулердің құндылығы мен мәнділігі қамтыған сұрақтары объектілер мен субъектілердің саны өскен сайын, мәселелер шеңбері кеңіген, тереңдеген сайын өсе береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ноель Э. Массовые опросы.- М., Прогресс, 1978.
2. Социальная психология / Под ред. А.В.Петровского.-М.,1987.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Есенбекқызы М.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚБАИ
«Инновациялық білім беру және ақпараттық
технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы*

Бүгінде еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі. Осы бағытта басталып жатқан белсенді жұмыстардың бірі де бірегейі—білім беру ұйымдарында цифрлық білім беру ұйымдастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып табылады. Білім беру ұйымдарында ІТ-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамыту, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қажет» екіндігіне аса басымдылық көрсете отырып, сандық білім беруді ұйымдастыруға нақты тапсырмалар беріліп отыр.

Цифрлық сауаттылық -адамның күнделікті және кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуі және ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек.

Білім саласындағы, соның ішінде қазіргі таңда көкейтесті мәселеге айналып отырған қашықтықтан оқыту жағдайындағы цифрлық сауаттылықты, яғни мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беруде қалай тиімді қолданудың жолдарын анықтау болып отыр.

2019-2020 оқу жылының 4-тоқсандағы қашықтықтан оқыту барысында мұғалімдермен байланыс жүргізу нәтижесінде біршама қиындықтарды мен мәселелер орын алды.

Қашықтықтан білім беруде мұғалімдермен жұмыс жасау барысында ақпараттық технологияларды меңгеруде төмендегідей 3 этапты байланыстыра отырып жұмыс жасауды қолдаймын.

Қашықтықтан оқытуда жағдайында байланысқа шығу жолдары.

1.Әрбір мұғалім оқушымен байланысқа шығу жолын таңдау, яғни белгілі бір бағдарламасын анықтап, толығымен меңгеру. Мысалы, (OBS Studio, MS Teams, және т.б.)

2.Қашықтықтан оқытуда сабақта қолданылатын ресурстарды оқушыларға қолжетімді түрде үйлестіру жолдары.

Оқушы қолданатын кез-келген ақпарат оқушыға қолжетімді болуы керек. Себебі әрбір мұғалім өзінің контентін немесе сабақта қолданатын ресурстарын қаншалықты күрделі бағдарламада немесе қандай бағдарламада жасаса да, оқушы ол контентті қосымша бағдарлама орнату қиындығына түспей қолдана алуы керек. Ол дегеніміз кез-

келген телефон, компьютер немесе ноутбук болсын ашып жұмыс жасай беретін видео форматқа ауыстыру жолдарын қарастыру керек.

3. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс жүргізуге арналған тиімді контенттер.

Оқушыға да, мұғалімге де қиындық тудырмайтын, уақытты тиімді қолданатын, әр оқушының жұмысын әр чаттан қабылдап, жинақтамайтындай контент, чат немесе форумдар ұйымдастыру. Мысалы, Padlet веб- виртуалды тақтасы және т.б.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ бастамасымен Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұжымы қашықтықтан оқыту кезеңінде мұғалімдерге көмек ретінде тренер сағаты, онлайн репортаж, онлайн кеңестер, видеокеңестер және онлайн марафондар т.б. жүргізді.

Қазіргі таңда мемлекет ұсынатын қызметтердің көпшілігі электрондық тәсілмен көрсетіледі. Соның ішінде білім саласындағы көптеген қызметтерді e-gov порталына тіркелу арқылы оңай жүзеге асыруға болады. Атап айтқанда, кез-келген мұғалім Электронды цифрлық қолтаңба алу арқылы порталдағы көптеген қызметтерді тұтынуға болады. Мысалы, қазіргі кездегі мұғалым үшін ең керекпі қызметтер - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының және республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау, Білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы), Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды тіркеу, Орта, оның ішінде республикалық маңызы бар мемлекеттік білім беру мекемелерінің басшыларын алмастыру конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау және т.б.

Осы қызметтерге байланысты ең негізгі мәселе - Электронды цифрлық қолтаңба алу бойынша қадамдық нұсқаулық түсіндірілген, яғни қалай ЭЦҚ алу және оны қалай қолдану туралы облыс мұғалімдеріне көмек ретінде онлайн репортаж өткізілді. Сілтемесі - <https://youtu.be/fWSnhLtw2nc>.

Дегенмен, сандық білім ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т. б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТАЛАПТАРЫНА САЙ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ӘДІСКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Конкаева О. Б.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ
«Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» кафедрасының
аға оқытушысы, педагогика-психология магистрі*

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде Елбасының жолдауына байланысты білім беру ісінде ХХІ ғасырдың түйінді құзыреттіліктері креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтілік және командада жұмыс істей білу. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, педагогтердің креативтілігін қалыптастыру, ақпараттық сауаттылығын көтеру кезек күттірмейтін мәселе.

ҚР «Білім туралы» заңында, ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында, ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (№292 2012 ж 13.05.2016 ж. өзгерістерімен 31.10.2018 №604) сәйкес білім беру үдерісінің негізгі бағыттары белгіленген:

- мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру;
- мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың табысты бейімделуі мен дамуы үшін жағдай жасау;
- коммуникативтілік, креативтілік, сыни ойлау, ынтымақтастық және командада жұмыс істей білу дағдыларын меңгеру;
- балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу.

Мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи білім беруге сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесіне елеулі өзгерістерге алып келді. Қазіргі таңда сапалы даму, балаларды өзгермелі өмір сүруге дайындау, дамуы әр түрлі деңгейдегі балаларды дамыту үшін жаңа модельдерді әзірлеумен қатар инновациялық технологияларды іске асыру, ата-аналардың білім беру ұйымдарын таңдау құқығына ие болуын айта аламыз.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциялын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектепке дейінгі ұйымдар, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Қашықтықтан оқытуда сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда аға оқытушыларға атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлердің жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқитын педагогтарға бірнеше талаптар қойылады:

1. Педагог компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.

2. Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

3. Педагогтың ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.

4. Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: педагогтар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.

5. Білім беру бағдарламасының белгілі бір тәртіптегі модульдер бойынша курстың мазмұнын меңгеру керек.

6. Қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізілген курсқа жан-жақты дайын болу.

Сонымен, қашықтықтан оқыту–әдіскерлердің білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі қашықтықтан оқу бұрынғыдан да қолжетімді екенін көруге болады. Себебі қашықтықтан оқу тікелей формаға карағанда өзара әрекеттесу педагогпен қатысушылар арасында компьютер және ақпараттық коммуникациялық технологияның көмегі арқылы жүзеге асады.

Қашықтықтан оқыту талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйым әдіскерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған біліктікті арттыру курстары ұйымдастырылуда. Қашықтықтан оқу қазіргі уақытта ZOOM платформасы арқылы on-line, off-line режимі WhatsApp, g.mail.com, @mail.ru талаптармен өтуде. Қашықтықтан оқу кезінде on-line режимінде 3 сағат оқылса, off-line 5 сағатты тәжірибелік жұмыстарды жүргізуге орындаумен құрастырылған. Тақырыптың мазмұны 5 модульден тұрады. Нормативтік–құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативті модуль.

Қашықтықтан оқуда бағдарлама міндеттері

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметінің нормативтік-құқықтық актілер жайында білімін өзектендіру;

- әдіскердің функционалдық міндеттері, рөлі туралы түсінігін, әдіскерлік қызметтік міндеттері туралы білімін дамыту;

- мектепке дейінгі ұйым әдістемелік қызмет жүйесі туралы, оның құрылымы мен әдіскердің құжаттар базасы туралы түсінігін кеңейту;

- мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің деңгейін көтеру;

- балалардың ерте даму әдістемесі мен технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру;

- мектепке дейінгі ұйымдарға қатысты басты бағдарламалық құжаттардың мазмұны, тағайындаулар, құрылымы жайында білімдерін кеңейту;

On-line және off-line режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыстар, шығыс қорытынды тестілеу, шағын сабақ таныстырылымы өткізіліп, түрлі Kahoot, Learning Apps, Google формада бағалау құралдары қолданылады.

On-line режим барысында теориялық білімді меңгеріп, off-line режимінде алған теориялық білімін іс-тәжірибесімен байланыстырып тапсырмаларды жеке немесе топпен бірігу арқылы бар білімдерімен алмаса отырып топтық тапсырмаларды орындайды. Тәжірибелік жұмыстарды орындау барысында тапсырмаларды дұрыс

орындауларына бағыт бағдар, кеңестер беріліп, тыңдаушылармен кері байланыс орнатылып отыр.

Қашықтықтан білім ала отырып, мектепке дейінгі ұйым әдіскерлері ҚР білім беру саласында басты құқықтық реттеу нормативтік құжаттарын, ұйымдарды басқарудың психологиялық-педагогикалық негіздерін, өзіндік педагогикалық ұстаным мен әдіскердің кәсіби құзыреттілігін және оқыту үдерісін ұйымдастыру мен педагогикалық тәжірибенің маңыздылығына ие болады. Педагогтермен, балалармен жұмыс жасауда креативтілік, сыни ойлау технологиясын қолдану, коммуникативтілік қабілеттерді қалыптастырып командада жұмыс істей білу дағдыларын дамытуға бағытталған интерактивті әдістерін құрастыруды өзінің қызметіне бағалау жүргізе біледі. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үдерісін бағалау сапасының диагностика мен дамыту үдеріс өткізу мониторинг жүргізу дағдыларын, балалар мен педагогтердің жұмысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды меңгереді.

Қашықтықтан білім алу арқылы кәсіби құзыреттілігін көтеру ең бірінші әрбір әдіскерлердің, педагогтардың өзіне байланысты. Сондықтан қашықтықтан оқу педагогтар үшін сапалы әрі тиімді.

Қашықтықтан оқытудың технологияларын тиімді пайдалана отырып, мектепке дейінгі ұйым әдіскерлер үшін мүмкіндіктер мен тиімді тұстарына ие болады:

- *Біліктілігін арттырып, сапалы білім алуға қол жеткізеді;
- *Тақырыпқа сай материалдардың ұсынылуы;
- *Ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгереді;
- *Қызығушылықтары артып, өздігінен іздену, өзін-өзі жетілдіруге бағыттайды;
- *Уақытты тиімді қолдана алады;

Жоғарыда айтылған талаптарды орындай келе мектепке дейінгі ұйым әдіскерлері мынадай кәсіби құзыреттіліктері қалыптасады.

Кәсіби құзыреттілік жолдары:

- *әдіскердің әдістемелік жұмыс бағыттарын жетік меңгеріп, білімін кеңейтіп іс тәжірибе жинақтайды;
- *тәрбиеші педагог жұмыстарын жаңартуда түрлі әдіс-тәсілдерді, оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде балаларды ерте даму бойынша заманауи технологияларды қолдана білу іскерлігі қалыптасады;
- *білім беру үдерісін бағалауда диагностика, мониторинг жүргізу дағдыларын меңгеріп, тәрбиеші педагогтармен мақсатқа сәйкес қатынасты құра білу іскерлігін дамытады;
- *білім беру мүмкіндіктерін кеңейту үшін сандық құралдарды қолдана алу қабілеті кеңейеді;
- *сандық білім беру ресурстарын іздеу, құру және бөлісу бойынша кәсіби дағдылар қалыптасады;
- *оқыту мен оқуда сандық құралдарды қолдана біледі;
- *ақпаратты сауаттылыққа үйреніп, сандық әлеммен жұмыс жасау дағдылары дамиды;

Қазіргі кезде қашықтықтан оқу форматында мектепке дейінгі ұйым әдіскерлері модульдер бойынша білімдерін шыңдап, мектепке дейінгі білім беруді жаңарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырады. ХХІ ғасыр талабы қашықтықтан білім алып, өз білімінді көтеруге үлес қосатын уақыт талабы.

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІН ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ӘДІСІ

Сағымбаев Қ.Б.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ, аға оқытушысы

Елімізде қазіргі білім жүйесіндегі өзгерістер алғашқы әскери дайындық пәндерін де айналып өткен жоқ.

Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді қорғаудың міндеттерін шешу үшін қажетті, патриоттық және рухани-психологиялық қасиеттерді қалыптастыру қажет. Әскери-патриоттық тәрбиелеудің мақсаты-азаматтардың патриоттық парыздың терең түсінігін, Отан қорғауға даярлығын қалыптастыру, еліміздің тұтастығы мен бірлігін нығайту, болашақ Отан қорғаушыларға 10-11 сынып оқушылары, ал отанымызды әр уақытта қорғауға баулу болып табылады.

Оқушылардың дене шынықтыру тәрбиесіне көңіл бөлу және жастардың бойына Отанына деген патриоттық сезімдерді қалыптастыру үздіксіз процесс болуы керек. Нәтижесінде мектеп қабырғасынан тәрбиеленіп шыққан түлектер әскер қатарына шақырылған кезде қысқа уақыттың ішінде әскери мамандықты меңгеріп, Отан қорғаушысы болады.

Қазіргі таңда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша талапқа сай оқыту кабинеті (компьютер және проектормен ғаламаторға қосылу мүмкіндігі) және қару-жарақ бөлмесі, әскери қызмет негіздері, саптық дайындық алаңы (саптық платц), тактикалық дайындық, әскери топография мен азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар және медициналық-санитарлық көмек бөлімдері бойынша жабдықталған.

Патриоттық- қазақстандықтардың тағдыры мен дүниетанымы, өмір үлгісі, ұлттық сана-сезімі, біздің мемлекет пен қоғамның дамуы және қалыптасу ерекшелігі көрініс табатын маңызды рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи құндылықтарына тәрбиелеу. Оған мыналар енеді: өз Отанына деген шынайы сүйіспеншілік және шын берілгендік; ұлы халыққа, оның ерлігіне, басынан өткен сынақтары мен шешімі табылмаған мәселелеріне қатыстылығына мақтаныш, ұлттық рәміздер мен қасиеттерді қадірлеу; мемлекет пен қоғамға адал және бар ынтасымен қызмет етуге даярлық.

Әскери-патриоттық тәрбие-жастарға қажетті қасиеттердің бірі, оның қалыптасуы оқудың ең маңызды міндеттерінің бірі екенін атап өту керек. Оқушыларға әскери жетекшілердің сабақ кезінде теориялық және тәжірибеде пайдалану мүмкіндігін беру үшін өз бетімен тақырып бойынша дайындалу. Атап өтсек саптық дайындық тарауында Әскери сәлемдесу анық және жігерлі орындалады. Саптан тыс жерде орында тұрып бас киімсіз әскери сәлемдесуді орындау үшін шені үлкенге жаққа үш-төрт қадамдай қашықтықта тұрып бұрылу, саптың қалыпты сақтау және оның бетіне қарау, оның соңынан басты бұру керек. Егер баскиім киілген болса, онда жоғарыдағы әрекетке қоса оң қолды саусақтарды бірге, алақан тура, ортаңғы саусақ баскиімнің төменгі шетіне (күн-қағарына) тиетіндей, шынтақ түзу және иық биіктігінде болатындай етіп, шапшаң басқа қою керек. Бастық (шені үлкен) жаққа басты бұру кезінде баскиімдегі қол жағдайы өзгеріссіз қалады. Әскери сәлем беру кезінде командирлерге және бір-біріне құрмет көрсетуге, сыпайылық ережелерін сақтауға тәрбиелеу қажет. Саптық жаттығуларды бейнесабак арқылы ұсынып дәрісімізді жалғастырамыз (саптық жаттығуларды орындау кезінде кездесетін кемшіліктерді айтып түсіндіреміз).

Мектептегі оқу кезінде Отан қорғаушының әскери-патриоттық тәрбиесіне жақсы қалыптасуына басты назар аудару керек. Бұл дене шынықтыру, АӘЖТД сабақтарында жақсы көрсеткіш көрсетуге мүмкіндік жасау: жүгіру, секіру т.б. әскери-қолданбалы жаттығуларын орындау кезінде өздеріне сенімділік, дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді (бейнеролик ұсыну арқылы оқушылардың жігерін көтереміз).

Оқушылардың Отанды қорғаудың жалпы ғылыми негіздерін меңгеруді қамтамасыз ететін білім жүйесімен қарулануы-табанды және батыл Отан қорғаушыларын оқыту ең маңызды қызмет. Отанды қорғау жөніндегі ілімнің ғылыми негізін құрай отырып, оқушылардың әскери-патриоттық тәрбие мазмұнының негізі заңдар, патриоттық тәрбие, және әскери қызмет туралы ашатын АӘТД пәні алынған. Әскери-патриоттық жұмысын іске асыру мектептің оқушыларға меңгеру деңгейін көтеру мақсатында ҚР ҚҚ сарбаздарының, еңбек және соғыс қаһармандарының (өзіміздің өткізген кездесу кештеріміздің бейнеролик арқылы ұсыну), Отанды қорғауға дайындығын көрсеткен адамдардың әрекеттері жағымды әсер қалдыруы керек. Келешек өз қызметін орындау үшін ақпараттық, өндірістік еңбекпен, қоғам дамуымен, техникалық шығармашылықпен, спорт түрлерімен тығыз байланыста болу қажет.

АӘТД пәнін оқытуда оқушылардың бойында Отанды қорғауға дайындық қалыптастыру жөніндегі қызметті тиімді жүзеге асыру үшін әр оқу пәнінің мазмұнында, сабақтар жүйесінде және нақты сабақтарда дүниетанымдық мұраттар, білім, іскерлік пен дағдылар орын алуы керек.

Әдебиет, музыка, кино, сурет, шығармашылық жұмыстың сан алуан түрлері оқушылардың сезімдеріне әсер етеді. Сондықтан оқу кезінде атақты суретшілердің туындылары; шағын музыкалық шығармалардың, азаматтық және Ұлы Отан соғысы әндерін, жазбалары, зерделетін оқиға қатысушылардың естеліктері, іздестіру қызметінің материалдары қолданған жөн. Барлық осы құндылықтарды оқушылардың санасы мен сезіміне «енуі» АӘТД сабақта шығармашылық ахуал туғызу, өз жадын адамзат жасаған барлық байлықтармен» байытуға ұмтылу болып табылады.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Жаманбаева Д.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Атырау облысы бойынша ПҚБАИ бас маманы

Бүкіл әлемді шарпыған індет құрсауына іліккен еліміздің білім беру жүйесі қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Көз алдымызда білім саласын және бүкіл елімізді дүр сілкіндірген тарихи өзгеріс орын алып жатыр.

Қашықтықтан оқыту, әрине, барлығымызға оңайға соқпаса керек. Дегенмен де, қашықтықтан жұмыс жасауда жинақтаған тәжірибе жетерлік, мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, электронды журнал жүйелерімен таныс.

Педагогтардың біліктілігін арттыру-білім беру реформасының өзекті мәселесі болып қала бермек және осы бағытта елімізде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мұғалімдердің де ғаламдық көштің ағымына қарай білімдерін жетілдіріп отыруы олардың кәсіби міндеті.

Біліктілік арттыру курстарында педагогтардың кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған жаңа әдіс-технологияларды меңгеруіне, білімі мен білігінің аясын кеңейтуге баса назар аударылып келеді. Курстарда мұғалімдердің білім алу мен кәсіби

дағдысын қалыптастыру ғана емес, сондай-ақ кері байланыс орнатудың да маңызы үлкен. Курс аясында педагогтардың қызметтік салада туындайтын түрлі жағдаяттарды шешуде өзара тәжірибе, пікір алмасуына мүмкіндіктер жасалады.

Педагогтардың біліктіліктерін арттыру курстарында ең алдымен тыңдаушылардың қажеттіліктерін анықтау мақсатында сауалнамалар алынады. Бағдарлама мазмұнымен таныстырып және сауалнама нәтижесінде анықталған тыңдаушылардың білімдік сұраныстарына сәйкес мазмұндық өзара пікір алмасулар жүргізіледі.

«Өрлеу» БАҰО» акционерлік қоғамының филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты ұжымы заман сұранысына сәйкес, біліктілік арттыру курстары мен әдістемелік шараларды, тыңдаушыларды курстан кейін қолдауды қашықтықтан оқыту жүйесінде жүзеге асырып отыр.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда ұжымдағы оқытушы-тренерлердің атқарар рөлі орасан зор. Оларға жауапты міндет жүгі жүктеледі: курстың бағдарламасының құрылымын дайындау, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдеу, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар беру.

Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді.

Осындай қиын кездерде педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор М.Галимжанова басқарып отырған институт ұжымы әрбір іске үлкен жауапкершілікпен, шығармашылықпен қарап отырғанын атап көрсеткім келеді. Оқу-тәрбие жұмыстарын жаңаша мазмұнға лайықтау, білім беру мақсатын–күтілетін нәтиже түрінде нақтылау, технологияландыру, ақпараттандыру, таңдаған бағдарына сай ғылыми-әдістемелік кешен мазмұнын жасау және жетілдіру, ұжымның жаңашылдық бағыттылығын қалыптастыру т.б. кезек күттірмейтін мәселелер болса, институт ұжымы осы мақсат межесінен шығып келеді.

Өзара байланысты іс-әрекеттер мен шаралар жүйесі, ол әрбір педагогтың біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға бағытталған. Жүйелі атқарылып жатқан шаралар, облыс педагогтарының ілімдік мүмкіндік шамасын дамытуға және біліктіліктерін арттыруға, ғылыми шығармашылықтарын жетілдіруге бағытталған.

Филиалдың профессор-оқытушылар құрамымен бірлесе отырып, біліктілік арттыру жүйесінде оқу әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша отандық және шетелдік тәжірибе туралы ақпаратты талдау және жинақтау жұмыстарын жүргізе отырып, өзгермелі қоғамға лайық кәсіби мамандарды қалыптастырып, бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру бағытындағы ауқымды жұмыстар атқарыла береді.

Қазіргі уақытта мұғалімдердің де жұмысы көбейді. Сын сағатта бірлескен жағдайда қашықтықтан оқытуды нәтижелі, абыроймен жүзеге асыратынымызға сенім мол.

STEM-ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРІН ПӘНАРАЛЫҚ КІРІКТІРУ

Жубауова Ж. Р.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚБАИ
ИББЖАТ кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.*

Әлем өзгеруде, оның себебі–техникалық прогресс. Қазіргі жағдайда көптеген жұмыстар мен әрекеттерді роботтар, компьютерлер, сандық технологиялар орындауда. Демек, стандартты емес ойлаудың жаңа креативті тәсілдері, жеделділік, мультифункционалдылық және жаңа технологиялардың тез өзгертін векторларына сай жылдам әрекет ету іскерлігі қажет.

Тез өзгертін әлем жағдайында білім беру жүйесіне де өзгеріс қажет екені сөзсіз. Бәсекеге қабілетті адами капиталды дайындау үшін жекелеген ғылымдарға оқыту жеткіліксіз. Осы орайда оқытуды интеграциялық және пәнаралық тұрғыда қарастыру қажет. Бұл идея STEM-білім берудің негізі болды, яғни жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, инженерия және математика салалары бойынша бір уақытта дағдылар дамиды (Science, Technology, Engineering and Mathematics).

Бірақ қазір балалар бұл пәндерді мектепте оқымай ма? – деген сұрақтың туындауында орынды. STEM-тәсілінің ерекшелігі ондағы барлық пәндер өзара тығыз байланыста. Мысалы, біздің алдымызда ғарыш зымыранын ұшыру, көпір салу, мұнайды тазарту немесе роботты жинау міндеті тұр делік. Әлбетте, физика, химия, математика және бағдарламалаудың әртүрлі салаларында кең ауқымды таным мен дағды болмаса бұл қиындау. Сондықтан STEM пәндерді біріктіруде емес, «жобаларды» дайындайтын кезде оларды оқытудың бірыңғай сызбасына біріктіреді. Демек, интеграцияланған оқыту пәндер бойынша емес, тақырыптар, жобалар бойынша жүргізіледі. Осындай білім беру ортасында балалар білім алады және оларды дереу пайдалануды үйренеді.

STEM-оқытудың проблемалары:

- STEM-оқыту бойынша мұғалімнің біліктілігі мен дағдысының жеткіліксіздігі;
- STEM-бағдарламаларының жетіспеуі;
- Мектеп түлектерінің STEM саласы бойынша дайындықтарының әлсіздігі;
- STEM-мамандықтар бойынша білікті жұмысшы күшінің жетіспеуі;
- STEM сауаттылықтың жетіспеушілігі;
- STEM сабақтарын жоспарлау мен ұйымдастырудағы қиындықтар.

Аталмыш проблемаларды шешу мақсатында жекелеген STEM-пәндердегі оқу тәжірибесін проблемалық-бағытталған оқу қызметін пайдалана отырып кеңейту қажет, яғни оның барысында білім алушылардың күрделі тұжырымдамаларды жан-жақты түсінуіне мүмкіндік туады. Сонымен қатар пәндердің мазмұнын терең түсіну мақсатында STEM-пәндер бойынша білімдерді кіріктіру маңызды, нәтижесінде білім алушылардың болашақта техникалық немесе ғылыми бағыттар бойынша мамандықты таңдау мүмкіндіктерін кеңейтуге әкеледі. Оқытудың өзі ғылыми принциптерді,

технологияны, жобалау мен математиканы бір STEM-бағдарламасына біріктіретін проблемалық-бағытталған оқу әрекеті негізінде құрылылуы қажет.

STEM тәсілі негізінде пәндер мазмұны, ортақ тақырыптар интеграциялық тұрғыда оқытылса төмендегі негізгі дағдылар мен құзыреттіліктер қалыптасады:

1. Сұрақтар (ғылым) қою және міндеттерді қабылдау (инжиниринг).
2. Модельдерді жасау және пайдалану.
3. Зерттеулерді жоспарлау және жүргізу.
4. Деректерді талдау және түсіндіру.

5. Математикалық операциялар мен есептеулерді жүргізу үшін қажетті ойлау түрлерін дамыту және пайдалану.





6. Түсіндірме (ғылымға негізделген) бере білу және жобалау шешімдерін таба білу (инжиниринг).

7. Бар фактілердің негізінде дәлелдей білу.

8. Ақпаратты алу, бағалау және дұрыс беру.

Мұнда «Инженерия» термині кең мағынада қолданылады және адамның жүйелі түрде қоғам үшін маңызды техникалық немесе технологиялық проблемаларды шешуге қатысуын қамтиды. «Технология» термині барлық жасанды (адам әзірлеген) өндірістік жүйелер мен процестерге жатады. Ол жаңа нано және биотехнологиялармен, ақпараттық технологиялармен және т.б. шектелмейді, бұл тұста оқушылар мен мұғалімдер мынаны түсінгендері жөн: адам қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған технологиялардың инженерлердің мақсатты жұмыс нәтижелерінен туындағанын.

Айталық, биология сабақтарындағы STEM-оқытуды енгізудің жолдарын «Бактериялар» тақырыбында қарастыратын болсақ.

S Ғылым (жаратылыстану)	T Технология	E Инженерия	M Математика (есептеулер жүргізу)
Бактериялар және олардың құрылысын зерттеу	Микроскоппен жұмыс	Қолда бар материалдардан бактерияларды модельдеу	Мысалы бактериялар қолайлы жағдайларда тез көбейеді (екіге бөлінеді). Пайда болған жас жасуша 20 минут сайын бөлініп отырады. Сонда 2 сабақты үзілістерімен қоса алғанда, қанша бактерия пайда болуы мүмкін?
			

Демек, бір сабақтың аясында ғылым, технология, инженерия және математика салаларын қарастыруға болады. Осы орайда оқушылар бактериаларды ғылыми негізделген қосымша ақпараттар негізінде зерттейді, микроскоп құрылғысымен жұмыс жасайды, олардың модельдерін құрастырады және бактериялардың тез көбеюіне есептеулер жүргізеді.

Сондай-ақ, химия сабағында «Оттегі» тақырыбын оқытуды да **STEM** тәсіліне негіздеп жүргізу тиімді болып табылады.

S Ғылым (жаратылыстану)	T Технология	E Инженерия	M Математика (есептеулер жүргізу)
Оттегі. Оттегінің қасиеттері және табиғаттағы айналымын зерттеу	«Оттегінің табиғаттағы айналымы» компьютерлік бағдарламалар PowerPoint, Prezi негізінде таныстырылымдар дайындау	Оттегінің моделін жасау	Медициналық оттекті жастықтың көлемі 15 л болады. Егер адам тыныс алғанда минутына оттегінің 1/3 грамын жұмсаса, жастықты қанша минут пайдалануға болады?
			

Инженерия мен технологияны зерттеу мәнмәтінді қалыптастырады, оның аясында оқушылар жүргізген зерттеулердің нәтижелерін тексере алады, практикалық мәселелерді шешу үшін жаңа білімді қолдана алады. Нәтижесінде, олардың ғылым бойынша түсініктері тереңдей түседі, ал көпшілігінде жаратылыстануға деген қызығушылықтары қалыптасады.

Оқыту үдерісінде белгілі бір нақты пәнді зерттеу маңызды болғанымен, пәнаралық жұмыстарды жүргізу пәндерді анағұрлым сапалы меңгеруге оң ықпалын тигізеді. Кэрридің (Kerry, 2007) пайымдауынша пәнаралық байланыс тәсілі білімді өзара байланысты құбылыс деп санаған Джон Дьюидің еңбектеріне негізделеді. Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің арасындағы мәселелерді талқылап пікірталас жүргізеді (Hayes, 2010). Оқушылар бір пәннің аясында үйренген мәселелерін екінші пәнге пайдалана алады немесе бір пәннің негізінде басқа пәнді оқуды жақсарты алады. Пәндер бойынша білімді ықпалдастыру оқушылар үшін оқу үдерісінің өзара байланыстылығы мен маңызын арттыруға бағытталған. Негізгі орта және жоғары сынып оқушылары жаратылыстану ғылымдарын оқытатын пәндер байланыста қарастыруы тиіс, себебі пәнаралық байланыс олардың оқуын барынша тиімді модельдеуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде «жаратылыстану» ғылыми білімді қалыптастырудың әдістемесі табиғат пен адамның біртұтастығы туралы ілімге, сондай-ақ, табиғат пен адам тіршілігінің ерекшеліктерін біртұтас жүйелі талдау тәсілдеріне негізделеді. Бұл ғылыми жаратылыстану пәндерінің бір-бірімен тығыз байланысын көрсетеді, сонымен қатар «Жаратылыстану» пәні сыныптағы басқа пәндермен тығыз байланыста болатын өз деңгейіндегі бір ішкі жүйе ретінде көрініс табады. Сондықтан, сабақтарда пәнаралық байланысты және жаратылыстану біліміндегі сабақтастықты қарастыру қажеттілігі туындайды.

Пәнді оқытуда пәнаралық байланыс бірқатар қызмет атқарады. Әдістемелік қызметі: оқушылардың табиғатқа деген диалектикалық-материалистік көзқарастары, табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы көзқарастары қалыптасады. *Білім беру қызметі*: пәнаралық байланыс арқылы заттардың құрамы мен әртүрлі ортада орын алатын химиялық үдерістердің теориялық

негіздері ашып көрсетіледі. Пәнаралық байланыстың дамытушылық қызметі оқушылардың жүйелі және шығармашылық ойлауын дамытудағы рөлімен анықталады. Пәнаралық байланыс нақты пән тұрғысынан біржақты ойлауға жол жермей, оқушыларды кең ойлауға итермелеп, ой-өрісін кеңейтеді. Пәнаралық байланыстың *сындарлы қызметінің* көмегімен мұғалім оқу материалдарының мазмұнын, оқуды ұйымдастыру түрлері мен әдістерін жетілдіреді.

Оқытудағы пәнаралық интеграция оқушылардың пәндік материалды қабылдауына байланысты артады. Білім беру интеграциясының принципі – қоршаған әлем туралы түсінік беруге, оқушылардың интегративті ойлауларын қалыптастыруға бағытталған. Интегративті оқыту барлық оқу пәндері мен ғылымдар арасындағы байланыстарды орнықтыру және нығайтудың қуатты реттеуші факторы болып табылады. Адам және оның қоршаған дүниеге деген қатынасының проблемасы білім беру мазмұнының орталығы болып отыр. Білім – біртұтас дүние және оқушы үшін де сол күйінде қалуы керек. Пәндер арасындағы кедергілерді жою үшін, білімді басты объектілердің немесе тақырыптардың айналасына біріктіру керек. Бұл пәнді әр қырынан қарастыруға, оның барлық өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді. Пәнді интегративті оқыту деп бұрын бөлінген бір және әртүрлі компоненттерді (мақсаттары, мазмұны, әдістері, құрамдары, технологиялары, шарттары) біртұтас білім беруге біріктіруді айтады.

Кіріктірілген сабақта ең алдымен пән үшін негізгі мәселелерді анықтап алу керек. Ол: пәннің ғылымилығы, маңызды деректер, заңдар, теориялар, практикалық дағдыларды қалыптастыру, қоршаған орта тазалығын сақтау, табиғатты қорғау; қолданылатын, өмірде кездесетін заттардың негізгі химиялық құрамын біле отырып, зиянды жақтарынан алыс жүру.

География пәнімен кіріктірілген сабақта оқушы білімін химиялық өнеркәсіптің өнімдерімен және олардың республикадағы халық шаруашылығында қолданылуымен және маңызымен таныстыруға болады. Жергілікті материалдарды химиямен оқытуда пайдалану, республикадағы әртүрлі химиялық өнеркәсіп салаларымен: қара және түсті металлургиямен, химия және мұнай химия өнеркәсіп салаларымен таныстыру оқушы білімін нығайта түседі.

Ал жалпы кіріктірілген оқу дегеніміз не? Кіріктірілген оқу бағдарламасының артықшылығы неде? Осы сұрақтардың жауабын зерделеп көрелік. Кіріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану білімдерді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми-синтездік білім беру болып табылады. Бүгінгі қолданылып жүрген STEM-оқытудың өзі кіріктірілген болып саналады. Қазіргі педагогикалық технологияда пәнаралық байланыс кіріктірілген білім берудің моделі болып саналады. Пәнаралық байланыс оқытудың кешенді жүйесін құрай отырып, әртүрлі білім салаларының ортақ тақырыптарын, кейде ортақ элемент, бөлім, дәйек, теория, ұғым заңдарды біріктіріп, құрылымдық және ғылыми-мазмұнды блоктар жасайды.

Оқу үрдісінде пәндерді кіріктіре оқытудың маңыздылығы неде?

- қажеттіліктеріне сай оқушыларға саралап оқуға;
- сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;
- жеке тұлғаның зерттеушілік мәдениетін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;
- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;

- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;
- оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге;
- сабақ үрдісінде өтілетін тақырыптың адам және қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге;
- оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;
- олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі.

Интеграция – ақпарат, білім, ғылым арасындағы байланыстарды орнатудың жалпы және көп қырлы процесі, сондай-ақ олардың тұтастығы мен диалектикалық бірліктегі барлық компоненттерді қамтитын бірыңғай құрылымын қамтамасыз ету. Сондай-ақ, белгілі бір ұғымды және білімді меңгертуде пәнаралық байланысты жүзеге асыруда кіріктірілген тапсырмалардың орны ерекше. Яғни оқушының танымдық қажеттіліктерін ескеріп, жоғарғы ойлау дағдыларын дамытуға ықпалы зор.

Пән	Оқу мақсаты	Кіріктірілген тапсырма
Химия «7.2В Қарапайым химиялық реакциялар» бөлімі	7.3.4.4 әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтау; 7.3.4.5 қышқылдардың бейтараптануын «асқазан ұнтағын» қолдану мысалында түсіну;	«Жоғары қышқылдылықпен қалай күресу керек» жадынамасын әзірлеу. А. Жалпы түсінік. Адамның ас қорыту үшін асқазан сөлінің рөлін сипаттау (Биология). Жоғары қышқылдықтың пайда болу себептерін атап көрсету (Химия). Әмбебап индикаторды қолдана отырып, қышқылды анықтау әдісін сипаттау (Химия) Жоғары қышқылдықты жоюға антацидтік дәрілердің әсерін сипаттау. Ас содасы арқылы тұз қышқылын бейтараптандыру реакциясын сөзбен жазу (Химия) . Әр абзацта шегініс, мәтін жолының арасындағы интервал қою 1,5 (Информатика).
Биология «7.2С Қоректену» бөлімі	7.1.2.3 омыртқасыз (жауынқұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру.	Әмбебап индикаторды қолдана отырып, қышқылды анықтау әдісін сипаттау (Химия) Жоғары қышқылдықты жоюға антацидтік дәрілердің әсерін сипаттау. Ас содасы арқылы тұз қышқылын бейтараптандыру реакциясын сөзбен жазу (Химия) . Әр абзацта шегініс, мәтін жолының арасындағы интервал қою 1,5 (Информатика).
Информатика «7.2А – Ақпаратты өңдеу» бөлімі	7.5.1.1 мәтінде шегіністер мен интервалдарды қою; 7.5.1.2 таңбаланған және нөмірленген тізімдерді қою.	Б. Негізгі бөлім «Жадынама». Дұрыс тамақтану және жоғары қышқылдылықпен күрес бойынша ұсыныстар, алдын алу шаралары (Биология, Химия). Тапсырманы орындау кезінде таңбаланған және нөмірленген тізімдерді қою (Информатика).

Оқу пәндерінің интеграциясы вариативтіліктің, жеке бағдардың өсуіне, оқушылардың білім тұтастығын қалыптастыруға және білім беруді дифференциациялау арқылы ықпал етеді. Интеграция – заманауи оқу үдерісінің қажетті шарты, ол әмбебап оқу іс-әрекеттері мен оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Химия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
4. <http://culeva.edu-cl.net/rmo-ucitelej-biologii>.
5. С.Г. Григорьев, М.В. Курносенко Внедрение элементов STEM-образования в подготовку педагогов по профилю «Информатика и технологии»
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Кадашаева С. С.

*Атырау қаласы Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған
№30 мектеп - гимназиясының жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі*

Қазіргі заман талабына сай оқыту үрдістері де өзгеруде. Осыған орай мектептердің оқу сапасын жақсартуда әр түрлі технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, өз деңгейінде нәтижелер беруде. Ғалымдарымыз бен әдіскерлеріміз қазіргі кезде қолданылып жүрген педагогикалық технология терминін әр қырынан ашып көрсетуде. Осы орайда балаларды әріп үйретуге, жазуға төселдірудің де өзіндік ерекшеліктері бар екендігін есте ұстанған жөн.

Бастауыш сыныпта жазу үрдісін меңгерту, оқушының алдында тұрған күрделі де қиындығы мол білім жолын ашады. Сондықтан мұғалім әріптерді жазуға үйреткенде еріксіз жаңа технологиялық тәсілдерге сүйенуіне тура келеді. Әрі заман ағымына сәйкес, жаңа үрдістен қалмауға, жаңадан оқытудың тиімді жолдарын пайдаланудың да маңыздылығы бар екендігі шындық.

«Жазу әрекеті»-әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Көптеген ғалымдар зерттеу нысандарына қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан қарастырған. Мәселен, лингвист-ғалымдар жазу әрекетінің тілдің ара қатысын сөз етсе, психолог жазу әрекетін жалпы ми арқылы өту үрдісін, жүру бағытын зерттейді. Физиолог оның жұмыс істеу механизмдерін, құралдарын, қызметін тексереді. Психолингвист жазу әрекеті іске асу үшін жұмсалатын тұлғалардың санамен байланысын, сөйлеу мүшелерінің ойға қатысты қимыл-қозғалысын дәлелдейді. Әдіскер болса, ол осы салалардың барлық заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеуге үйретудің тиімді үлгілерін табуды және ұйымдастыруды жалпы сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды көздейді. Бұл саладағы ғалымдар кімді оқытатынын, оларды неге үйрету керектігін, не үшін, не мақсатпен және қалай оқыту қажеттігін қарастырады.

Жазу сабақтарының мақсаты-балалардың жазу тілі дағдысын қалыптастыру, оларды көркем, анық, дұрыс, сауатты жазуға үйрету. Жазу сауаттылығын арттыру үшін өтілген орфографиялық ережелерге байланысты түрлі жұмыстар жүйелі де жиі жүргізілуі керек. Әсіресе, жазба тілді дамыту маңызды және күрделі мәселе. Жазба сөз ауыз сөзге қарағанда өзгеше психологиялық негізі бар, айрықша тіл функциясы. Осы уақытқа шейін жазбаша тілді меңгертудің, яғни оқушының жазу дағдысын қалыптастырудың бастауышта үш кезеңі (элементтік кезеңі, әріптік кезеңі, әріптерді жалғастырып жазу кезеңі) бары, сол кезеңдерге қойылатын талаптарды орындатуға

төселдіру қажеттігі және мұның бәрі өте күрделі процесс болып табылатындығы туралы айтылып және басшылыққа алынып келді.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталады. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып, үйретуде алатын орны ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету.

Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой – өрісін жетілдіруге де басты назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады. Демек, сауат ашу – білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты – болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел – жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – 1 – сынып оқушыларын сауаттандыру мәселесі. Өйткені 1 – сынып оқушысын оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық–психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Себебі: сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді. Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейілінше сапалы болуына байланысты. Сауатты жазуға үйрену жұмысы–грамматикаға сүйенеді. Олай болса, белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы керек. Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларындағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп.

Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, ал, жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді. Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін–бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу–қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты – бастауышта қаланады.

Мектеп табалдырығын аттаған балаға 1–ші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады. Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы–бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі.

Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда айтылған білім – білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым – қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді.

Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондай – ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады, бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында орындалып отыруға тиіс:

- Әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау.
- Әріптердің бөліктерін жазғанда тегіс, бірдей жазу.

- Барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбете жазу.
 - Әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте – бірте жазу қарқынын тездету.
 - Түрлі диктанттар жаздыру.
 - Сөздікпен жұмыс жасату.
 - Тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келетін жаттығуларды орындату.
 - Сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру.
- Қорыта айтқанда баланың оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылатын осындай жұмыстар:
- Оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып, білімдегі кемшіліктерді жоюға;
 - Оқушының тіл байлығын арттыра отырып, ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға;
 - Өз ойын жеткізе білуге;
 - Құбылыстарды шынайы бағалай білуге;
 - Орфографиялық сауаттылықты нығайтуға оң әсерін тигізіп, жақсы нәтиже беретіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш.Әуелбаев «Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі» А 1997.
2. Р.Сыздықова «Тілдік норма және оның қалыптасуы» А 2014.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Торбекова Э.А.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ПҚБАИ

«Білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау» кафедрасының
меңгерушісі

Әрбір мемлекет қоғамында мүмкіндігі шектеулі балалар өмір сүріп, білім алып, тәрбиеленуде. Олар белгілі бір ортаға, қоғамға тәуелді. Мүмкінділігі шектеулі балалардың денсаулығын қадағалау дәрігерлердің қызметі болса, тәрбиеленуі ата-аналар құзырында, ал білім беру мен тәрбиені қатар ұйымдастыру педагог-психологтардың міндеті. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру кеңінен қолданылуы етек алып келеді.

Мектептегі үлгермеушіліктің негізгі себебі мектептегі білім беру жүйесінің баланың интеллектуалдық жүйесіне сәйкес келмеуі. Ал біз болсақ, білім беру бағдарламаларын күрделендіру үстіндеміз. Баланың меңгеру деңгейін, оның жас ерекшелігін назарға алмай, бір жағынан баланың жаңа бағдарламамен оқуы қиынға соғатынын түсіне отырып, оны беделді мектепке, мықты мұғалімге беруге тырысамыз. Қазіргі уақытта арнаулы білім берудегі нақты прогреске бірнеше факторлар: мүгедек оқушыларға қатысты үміттің аздығы, инклюзивті білім беруге мектептердің дайын еместігі кедергі келтіруде [1].

Арнаулы білім беруді кез келген білім беру реформаларының бағдарламаларына енгізу, жоспарлау кезінде мүгедек балалардың нақты мүмкіндіктерін ескеру, білім сапасын жақсарту және оны алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету, арнаулы заңдарды

әзірлеу, ерекше білім алу қажеттіліктері бар адамдардың санаттарының құқықтарын қамтамасыз ету осының барлығы жағдайды едәуір өзгертіп, барлық адамдардың білім идеяларын іске асыру үшін алғышарттар жасап, үйден оқыту мәселесін қатаң қадағалау қолға алынып отыр.

Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр[2].

Дене кемістігімен ауру адамның әлеуметтік өміріндегі мінез-құлқының ауытқуына әкеп соқтырады. Әулеттегі кеміс балаға көбірек қамқорлық көрсетіп, оған басқа балаларға қарағанда ерекше көңіл бөлінеді. Бала басындағы бақытсыздық бәрінен бұрын оның маңындағы жақын адамдардың жанашырлық сезімін оятып, оған деген көзқарасты өзгертеді. Кез келген жанұяда кеміс балаға деген көзқарас оны басқа түскен масыл, не тағдыр жазасы деп санамай, қамқорлық пен мейірімділік құшағында болады. Балаға деген мұндай қамқорлық оған күшті әсер етіп, ол өзін басқа балалардан бөлексіткендей сезінеді.

Көру қабілеті бұзылған балаларға оқу процесін қабылдау және танымдық қабілеттерінің қалыптасу қиындығы тән құбылыс, өйткені дені сау бала, мүмкіндігі шектеулі балаларға қарағанда қоршаған ортаны 83% көру жүйесі арқылы, 11% есту арқылы, 3,5% мұрын арқылы, 1,5 сипап сезу арқылы, 1% дәм сезу ақылы танып біледі. Ал көру қабілеті бұзылған бала не істейді? Қоршаған ортаны қалай танып біледі? Осы орайда балаларға сол таным мен түйсікті сезінуге және үйретуге ықпал ететін фактор – оқытушылар. Мүмкіндігі шектеулі бала мектепке алғаш келген кезде қарапайым және түрлі ауыртпалық тудыратын қиыншылықтарға тап болады. Бұл қиындықтар қатарына өз-өзіне қызмет етуінің төмен, не мүлдем болмауы, гигиеналық тазалықты ұстана алмауы, ортаға тез бейімделмеуі сияқты мәселелерді жатқызуға болады. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңде көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуға арналған оқыту-кешендерінің болуы шарт. Сондай оқыту кешендері ұйымдастырылған жағдайда, мұндай топтағы балалар мектеп табалдырығын аттаған кезде білім алу оларға жеңіл, әрі тиімді болар еді[3].

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану. Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі.

Мүгедек және дамуларында шектеушілік бар балаларды инклюзивтік оқыту практикаға мамандандырылған мамандарды даярлау, оларды жалпы түрдегі мекемелерде оқыту үшін жағдайлар жасау және қоғамның мүгедек балаларға деген көзқарастарын өзгертумен бірте-бірте енгізілуі керек.

Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім дағдысын тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына екі түрлі міндет қойылады:

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау;
2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою;
3. Сабақты жүйелі жоспарлау.

Үйден оқитын балаға сабақ беретін мұғалім алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойының, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу

керек. Ол үшін «Дөңгелек қию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алады. Сабақ барысында баланың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет.

Ол үшін қазіргі таңда қолданылатын көптеген дамыту жаттығуларын пайдалануға болады. Солардың бірнешеуін қарастырайық.

“Сағат тілі”

Мазмұны: Күлімдеп тұрамыз, аузымызды ашамыз. “Бір-екі” деп санап тілімізді жоғарғы, төменгі тістерге кезек-кезек тигіземіз. Астыңғы иек қимылдамау керек.

“Тостақшы”

Мазмұны: Езуді тартып күліп аузымызды ашамыз, тілімізді жалпақ етіп астыңғы ерінге қойып, екі жағын тостақтың ернеуі сияқты иеміз. 5-ке дейін санап тұрамыз. Астыңғы ерін тістерге тимеу керек.

“Барабан”

Мазмұны: Езу тартамыз, аузымызды ашамыз. Анықтап қайта-қайта Д-Д-Д-Д деп айтамыз. Дыбысты айту барысында тіл жоғарғы тістерге жабысып тұрады,

Аузымызды жаппаймыз. Осы жаттығуды орындау барысында көп бала аузын жауып алады. Осы жағдай болмау үшін тіспен екі бір сантиметрлік таяқшаны немесе осыған ұқсас затты (сызғышты) тістеп тұру керек [4].

Осы жаттығуларды жасау барысында баланың тілін дамытуға болатыныны көреміз. Ең бастысы мүгедек балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасауымыз керек. Сондықтан күндізгі шағын стационар да арнайы жұмыс тобын құрып, әр баланың қабілет-қарымын анықтап, дұрыс бағыт-бағдар беріп, жарымжан балалардың жастайынан жасық болып өсуіне жол бермеуіміз керек [5].

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға Үкіметтен бастап, мектептерге дейін мән берілуде. Жарымжан балаларды оқыту процесінде ерте бейімдеудің маңызы зор. Тек оқытып ғана қоймай, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтау қызметін тарту қажет. Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция аясында инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық жоспарын жасап, сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін қоғамдық институттардың тәжірибесін ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі жандарды үздіксіз оқытудың тұжырымдамасын жасау аса қажет болмақ. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Осыған орай мәселелерді шешу жолында әр мұғалім бағдарламаға сай шағын электронды оқулықтар дайындап, үлгерімі төмен және мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жеке жұмыс түрлерін жүргізгені жөн. Әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың диагнозына қарай жұмыс жүргізсе, оқушының білімге деген құлшынысы артып, өзіндік дарындылығы айқындалады деп ойлаймын.

Жаңаша білім берудің негізгі тәжірибелік міндеттерін шешуде мектептегі жаңалықтармен дамуды, қолданылған әрекеттер мен құралдардың тиімділігін диагностикалау негізінде анықтауға болады. Осыған байланысты педагогтар өз қызметінің объектісіне әлеуметтік психологиялық және педагогикалық мінездеме

беріп, танып, білумен зерттеу әдістерін меңгерулері керек. Дидактикалық ойындар арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың ойлау қабілетін дамытумызға болады.

«Біркелкі пішіндерді сана»

Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.

Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана).

Барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау керек.

«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер. *Барысы:* Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтырады.

«Қандай пішін жетіспейді»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.

Көрнекілік: Геометриялық пішіндер (қораптан алу).

Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздеріңді жұмыңдар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады [6].

Әр оқушыға арналған жеке даму бағдарламасы олардың өзіндік дарындылығын ашып, өмірдегі өз орнын, өз мамандығын табуға көп көмек болар еді. Осындай орталықтар жұмысын жүйелеп отыратын, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін медициналық-педагогикалық орталықтарды көптеп ашса, кемтар балаларды зор қуанышқа бөлер еді. Егер жалпы білім беретін ордаларда жоғарыда айтылған ұсынылымдарды есепке алып, сол бойынша инклюзивті білім беретін болса, мүмкіндігі шектеулі балалар да басқа балалардан қалыс қалмайтыны хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР - ның білім туралы Заңы, 2008 ж Мектептегі психология, №3 2010.
2. Әлеуметтік педагогика, №3, 2011.
3. Ә.Ермағамбет. «Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы», Дефектология, 2008, №4.
4. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету және дамыту жаттығулары» әдістемелік құрал, Шымкент., 2012.
5. Л.В.Артемова. «Дидактикалық ойындар», М., 1992.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ-САЛАУАТТЫ ӨМІР НЕГІЗІ

Ихсанов Х.У.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ПҚБАИ

«Білім беру үдерісін психологиялық- педагогикалық қолдау» кафедрасының аға оқытушысы

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-сонды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз.

Ал бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы ертенгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағын ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді. Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертенгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертенгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен.

- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен.

- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу.

- Дене тәрбиесі сабақтары.

- Сабақ үстінде сергіту минуттары.

- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.

- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.

- Жалпы мектепшілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепшілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық-терең бақыт» деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр түрлі зиянды

әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейде жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі өнеге болатыны үлкен дәлел.

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз»-деген болатын. Елбасымыздың осы тұжырымы арқылы мұғалімдер ұжымы өз алдымыздағы қоғамдық міндеттің жауаптылығын сезінуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2016.
2. Дене мәдениеті-оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс-Поиск. 2009, №2 (2)- Б.262-264
3. Е. Уақбаев Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. Алматы: Санат, 2000ж

ОҚУШЫЛАРҒА СӘНДІК ҮЛГІНІ ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жумагалиева К.К.

Атырау қаласы

*И.Тайманов атындағы №27 орта мектептің технология пәнінің
I санатты мұғалімі*

«Сән дегеніміз не?»-деген сұраққа біреулер: «Сән–әншейін әуестік, қолы бостардың ермегі,»- дейді. Енді біреулер үшін сән – мамандық, күнделікті шығармашылық жұмыс. Үшіншілер үшін, бұл сұрақ өте күрделі оған екі ауыз сөзбен жауап беруге болмайды деседі. Ал төртіншілер, бұл сіздер мен біздер, дегенменде біз сән дегеннің не екенін, ол қашан пайда болғанын, оған қалай қарауға тиісті екенімізді түсінуге тырысып көрейік.

Киімдер тарихына арналған кітапта Ежелгі Египет киімін суреттеуден басталады. Ғылыми еңбектерден тас ғасырдың алғашқы қауымының адамдары қалай киінген Африка мен Австралиядағы абориген тайпаларының не киіп жүргенін білуге болады.

Адамзат қоғамының дамуы, мемлекеттердің құрылуы, тарихи формациялардың ауысуына байланысты киім үлгісі де күрделене түскен. Алайда уақыт өткен сайын адамдар өміріндегі жетістіктерге, тұрмыс-тіршілігіне сай қоғамдағы алатын орнын киімдеріне қарап бірден тануға болатын дәрежеге жетті. Киім үлгісінің әр уақытта да адамның әлеуметтік белгісінің қоғамдағы дәрежесінің куәсі болып келеді. Мәселен, құлиеленуші мемлекеттер: Ежелгі Египетте, Ежелгі Грецияда т.б.құлдардың бар лыпасы бел байлауыш қана болып оның өзі қолайсыз ауа райын қорғай алмайды. Құлдар киімі ең қатты матадан тігіліп, аяқ киім дегенді мүлде білмеген. Ал сол кезеңдегі еркін адамдар міндетті түрде өз дәрежесіне лайық киінетін болған.

Маталардың сапасы мен түсіне жапсырмалар мен әшекейлер санына иесінің мамандығын, дәрежесін білдіретін қосымша белгілеріне шек қойылып, тиым салынады. Өте ерте заманда Элладада еркін адамдар кендір мен жүннен тоқылған жұқа, әр алуан түсті киімдер кесе, құлдар—өте қалың, боялмаған жүннен тігілген киімдерді қанағат еткен.

XIX ғасырда буржуазия Еуропа мен Американың көптеген елдерінде қаржы жағынан ғана емес, саясат мәселесінде де «Өмір ағымының қожасы» болып қоғамға өздерінің көзқарастарын, талғамдары мен сән үлгілерін кеңінен таратты. Қазақтардың қазіргі киімдерінің көбісі сақ дәуірінен бастау алады.

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С.И.Руденко, тіпті күпінің қазаққа, оның ата-бабасына кем дегенде екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеп берді. Негізінен, қазақ киімдерін кеңінен зерттеу Қазан революциясынан кейін ғана қолға алынды. Әйел киімдерінің қазақ елінің бәріне мәлім ортақ түрлері: көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, қамзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекше сияқты заттар. Әшекей, ажар жағынан қыз бен келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен қарт бәйбішелердің киімдері деп төрт топқа арналып тігіледі [6]. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің ежелгі ұлттық үлгілері мен дәстүрі ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Мәселен ерлер костюмі ашық түсті, алабажақ болудан қалып, оларға атлас пен партшаны пайдалану азайды.

Қазіргі уақытта киім үлгісі баршаға ортақ процесі жалғасуда, бірақ оның негізі өзгеріссіз қалған жоқ. Әрине халықтық киім үлгісінің даму дәстүрін халық билігі үстемдігіне апаруына болмайды. Сөйтсе де әлемдегі әр түрлі елдердің дәстүрлі халықтық киім үлгілері қазір де сән жасаушылар үшін шығармашылық жаңалықтардың негізгі бастауы болып отыр және де қандай жағдайда болмасын арналып тігілген киімдердің бәрінен де өзінің нақты көрінісін табуда.

Біздің өмірімізде сәннің ролі қандай?— деген сұраққа ешқандай сәнді мойындамаймын деп мәлімдейтін адамдар да бар, алайда жұрт сияқты олар да бірдене киеді, ал осы бірденелердің өзі де қандай да бір сән түріне жататынын білмейді. Демек сәнді мойындауға да мойындамауға да оған таңдануға не реніш білдіруге де, жасаушысы да, құлы да болуға болады — бірақ та сәнге қатыссыз қалу мүмкін емес.

Қазіргі сәнді демократияшыл десе де болады. Ол таңдау идиясы мен еркіндігінің көптігімен, яғни әр түрлі стильдермен, пішіндермен, үлгілермен, сондай — ақ әр түрлі көлемдермен және алуан түстің гаммалығымен ерекшеленеді десек те қазіргі жастар сәнге бейім екендігі белгілі сондықтан да жоғары 8 – 11-сынып оқушыларына «Киімге қойылатын эстетикалық талаптар» тарауы бойынша бағдарлама берілген. Осы тараудың тақырыптарына жеке—жеке тоқталып оқушыларға кеңінен түсінік беру арқылы «Сән және сән үлгінің атқаратын жұмысы туралы түсінік» тақырыбында ашық сабақ өткіздім. Ашық сабағымда облыстық газетте «Қалай киініп жүрсіз?» - тақырыбында мақаланы оқып оқушылардың ойын ортада талқыланды. Бұнда оқушылардың сәнге деген көз қарастарының өте жоғары деңгейде қарайтындығы байқалды. Сонымен қатар, «Сән үлгі — қазақтың ұлттық киімдерге жарасымдылығы бар ма?»— деген ой сала отырып, «Блумның сұрақ қою өлшемі» әдісін басшылыққа ала, топпен жұмыс жүргізу және қазіргі сәngerлер туралы тапсырманы оқушылар компьютерде орындап отырды. СТО бағдарламасы бойынша өткізген әр сабағымнан

жаңаша іздену жолдарын көріп отырамын. Сән турасындағы сабағым ерекше әсерге бөленіп, өз ойымнан шыға білді.

Стратегияларды орынды пайдалана отырып, сабақ соңында «Соңғы сөзді маған қалдырыңыз» стратегиясы бойынша бүгінгі қазақ ата дәстүрімізді жалғастыруын өз ұлттық киімімізді басқа ұлттық киімдерден жоғары екендігін дәлелдеп берген болатын.

Қазіргінің сәнгерлері ұлттық киімдердің дәстүрлерін сақтап, дамытуда, көненің құндылықтарын біздің замандастарымызға жеткізуге тырысатындығын дәлелдеу үшін оқушылар сән үлгі тақырыбында жинақтар жинай бастады...

«Ісмердің байлығы қолында,»-демей ме? Олай болса сән үлгіні өзгерту өз талғамына қарай таңдап, дұрыс өндей білу өз қолында дегім келеді. Демек,

1. Сән дегеніміз – қоғамдық өмірдің бір бөлшегі, әлеуметтік құбылыс.
2. Киім үлгісі қашанда қоғамдағы белгілі бір таптармен біте қайнасқанына көз жеткіздік демек, сән – таптық құбылыс.
3. Киім ең бірінші қажеттілікке жатады, оны өндірумен – әр түрлі өнеркәсіп салаларын алғанда сән – экономикалық құбылыс.
4. Басқа да өнер түрлері сияқты киім жасау да өнер болғандықтан, сән- эстетикалық құбылыс.

Сәнді қалай түсінеміз деген сұрақтарға міне осындай жан-жақты күрделі жауабы бар.

Қазіргі кезеңде ХХІ ғасырда, сән «алдағы жыл мезгіліне сәйкес» бірқалыптан шыққандай дүниелерді баршаға бірдей тықпалай бермей, әркімнің ұнатқанын таңдап алу мүмкіншілігін ұсынып келеді. Мұндай еркіндіктің талабы да күшті, әркім өзіне қажетіне қателеспей таңдап ала білу мәдениетіне жетуі керек.

Пайдаланған әдебиттер:

1. Технология. Оқу әдістемелік құрал. К. Өстеміров.
2. Балама. Технология (қыз балаларға арналған) Ермилова Е.В., Товчиник И.А. –А: «Мектеп» баспасы, 2008.
3. Жәнібеков Ә. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996. – 192 б.
4. Хинаят Б. Қазақ әйелінің ұлттық киімдері // <http://muftyat.kz>
5. Іс тіге біл кітабы. Р.И.Егорова. В.П.Монастырная – Алматы «Рауан»1993.
6. Ғаламтор материалдары.



«ТЫҢДАҢДАР, ТІРІ АДАМДАР!»
(Фариза Оңғарсынова шығармашылығы)

Клауова Г.Қ.

Атырау қаласы

Аманкелді атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

„Мен өзімнің көргенімді, сезінген, түйсінген жайларымды ойласам, бұл ғұмырда он сегіз жас емес, жарты ғасыр жасағандаймын. Ия. Дәл солай ...“

Әлия

„Әлия гүлді, көктемде гүл көмкерген даланы жақсы көруші еді...“

Сапура

„Қолымды көкірегіме қойып, ағымнан жарылып айта аламын. Изочи станциясы үшін болған шайқастан аман-есен шыққан 100 бригаданың жауынгерлері тек Мәншүктің арқасында тірі қалдық. Біз өміріміз үшін де, соғыстан кейінгі барша қызықшылығымыз үшін де Мәншүктің аруағы алдында қарыздармыз. Сондықтан оның ерлігіне бас ие отырып, өзіміздің көзіміз жұмылғанша оның атын қастерлеп айтып өтеміз.“

А.Болатов

Ұлы Отан соғысының ардагері

Тарихи тұлғалар өмірін арқау етіп шығарма тудырудың қалыптасып қалған үйреншікті тәсілі-ғұмырнама ізімен, оқиғаларды сатылы баяндап, көлем қуалайтын дүниелер. Ал, Фариза „тәуекел түбі-жел қайық“ деп, жолсыздан соқпақ іздеп, өзіндік сүрлеу салған ақын. Тек лирикалық шағын шығармаларынан ғана емес, көлемді поэмаларынан да жаңалықтың, сонылықтың лебі есіп тұрады. Аяулы Әлия мен Мәншүктің трагедиялық тағдырына арналған „Тыңдаңдар, тірі адамдар!“ поэмасы осының бір айғағы. Поэма- шымыр формалы, өжет ойлы, ықшам. Шарттылық тәсілімен қос боздақтың рухын сөйлету қазіргі ұрпақпен тілдестіру арқылы жаңа эстетикалық игілік жасаған. Поэма көтеріңкі үнде, жоғары пафоспен жазылған.

Қашанда халқымыз ата-баба аруағын сыйлаған, діншіл болмаса да „өлі риза болмай, тірі байымас“ деген қағиданы берік ұстанған. Сонымен қатар ел аузында „өлі өтірік айтпайды“ деген де сөз бар. Фариза ақынның қос боздағымызды сөйлетудегі шеберлігі, шынайылығы соншалық, оқыған адам еріксіз ойға қалады. Поэма бүгінгі күнмен тінін ажырата алмастай бірігіп кеткен. „Тыңдаңдар, тірі адамдар!“ деген тақырыптың өзінен азулы ақынға тән биіктік пен мәрттік сезіледі. Ақын жер бетінде қалқиып жүрген көлеңкедей пенделерге емес, көкірек көзі ояу жасампаз тіршілік иелеріне сөз салады. Поэма батыр қыздарымыздың өткенді, тыныш уақытты еске алуынан басталады. Иә, жалын атқан жастық шақ қандай шіркін! „Бәрі-сұлу, бәрі-таң, бәрі-ғажап!“ Одан соң „Майдан, Атыс, Қантөгіс, Жалын, Азап.“ Бір ғана жол, бірақ қанша қасірет!

Керзі етік пен сұр шинел мәлеңдеген, көтерген әрең денең, - көз алдыңызға әскери киімін киініп, беркініп қару асынған қарақат көзді қазақ қызы елестейді.

Бос әуре-тастағы ұран
Келісімдер татулық, достық жайлы.

Сенгіштердің қаларын аузын ашып!- осы жолдарды оқи отырып «қап, әттеген-ай, армандай аяулы қыздарымызды тағдыр қалай түңілдірген?»- дейсіз. Өткеннің өкініші өзегіңізді өртей отырып, бүгінгі күнді ойлап кеткеніңізді андамай да қаласыз.

Біз...біз тегі көп сөйлеп барамыз ба?

Әлі-майдан,әлі-кек санамызда.

Қатал біздің сөзіміз,сынымыз да.

Ұрпақ қалай қарайды мұнымызға?- қос батырдың сұрағы жүрегіңізді шым еткізіп, санаңызға суық су құйып жібергендей әсер етеді.

„Жоқ, жоқ сендер ақсындар,сендер пәксіндер,“ -деп айғайлағыңыз келеді.Сұрақты жыр жолдарының дәлдігі бейбіт уақытта қасаңдық жайлаған тіршілігімізді мойындатып, „қатал біздің сөзіміз, сынымыз да“ -деген тармақ жауап ретінде көкірегіңіздің тұңғиығында жаңғырығады.

Поэма желісінде қос батыр сұрақ қоюмен, өздерінің өткен күндерін әңгімелеумен ғана шектелмейді, біздің бүгінгі өмірімізге де пайымдаулар жасайды. Ақынның шеберлігі осы тұста айырықша көрінеді. Шығармасында ақын лирикалық кейіпкерлердің тағдырын, көргені мен білгенін, кеше мен бүгіннің айырмасын өте оңтайлы пайдаланады. Бүгінгі ұрпаққа „қандайсың өзің сенің?“ -дейді.Одан әрі:

Ақылменен ойланып, сынап, барлап,

Тиімді ме –сонан соң бір-ақ таңдап,-деп маңдайыңыздан ащы теріңізді бұрқ еткізе түсіреді де:

Жоқ! Кінәлі емессің сен ісіңе,

бұл-әлемдік дамудың жемісі де!-деп „адалдықтай ақылды әйел“сөзімен сізді бықсыған оттың арасынан оп-оңай суырып алады. Осы жерде “құмды дала, қияқ пен сәнді гүлді, аңсаумен, сезінумен өткен қыздарымыздың кең пейілі саратанда соққан самал желдей жаныңызға жылы тиеді.

Қазақ халқы тарихтан батыр, шешен, әнші, қонақжай екені белгілі.

Кетеді әлем қалай тез ізін салып,

әйтпесе біздің халық

қызу қанды,от мінез,наркескен-ді,

ойланбай қан кешкен-ді.

Халқымыздың батырлығы мен батылдығы маңдайына біткен бағы да, соры да болды. Шетсіз-шексіз кең даласы мен елдігін ғасырлар бойына батырлығының арқасында ғана қорғап келсе, кеңес жылдарында батылдық зардабын біздің халқымыздай тартқан ұлт жоқ-ау! Қаншама „биіктеріміз“ төбе болып қалды. Ұрпақты сақтау үшін үндемеуге, „биіктемеуге“ серт бермеді ме? Қос қызымыз „өлгенге үкім жүрмейді - ол заң біле ме?!“ дей:

Сен,әрине, заңдылық тұтқынында,

одан қорғай алмайды ықтының да, -деп оқырманына тағы да мейірімділік танытады, бетіңнен сүйіп, енді сені батылдыққа, іске үндейді:

барады жерді бүгін

ақылды да айлалы іскер қаптап,

(табиғи күштерді аттап),

барлығында бір ғана бақыт мұра-

билеу түгел әлемді,уақытты да!

Иә,иә! Уақытты,арманды да,

тіршілікті жалғайтын заңдарды да...

Ойланатын, тірілер, кезің, міне!

Ықтаған ықтасыныңнан шық, іске кіріс, „адам қайта жасайды барлығын да, қайта бақыт сыйлайды сан ғұмырға“, еңсеңді көтер,, табиғаттағы менмен күш“ сен ғанасың, сілкін, елдігіңмен, ерлігіңмен тағы да жарқ етіп, от алып, маздап жан!-дейді.

Келесі шумақтарда қос боздақ „нәзік жыныс құштар ғой білуге әлі“ деп ақталып алады да:

Қалай өзі сендерде өмір бүгін?

Қалай бүгін жүрсіндер пайдаланып,
қымбат түскен біз үшін бұл күндерді?-

біз сезбеген еркелету, мейірім нұрының өлшеусіз құнды құдіретін түсіне алдыңдар ма, аптапты аңызға аяқ астынан соға қоятын өмірде мейірімге бір-біріңді шөліркетіп алмадыңдар ма, тірілер, ескеріңдер:

Мейірім де, махаббат нұрлы күн де

Керек екен тек қана тірлігінде,-дейді.

„Тірлігінде сыйлас“, „ жақыныңды жаттай сыйла, жат түңілсін жанынан “ - деген тәрбиелі сөздерді ес білгелі құлағымызға қандырып өскен ұлттың ұрпағымыз. Алайда, тіршіліктің жалтылды сәттері пендесін қызықтырмай қойған ба?

Арбалғанда өмірдей күміс үнге,

Ойлай ма адам өлімді тірісінде,-дегендей, кейде тірліктің сағымдай елесіне еріп кететінімізді қайтерсіз?! Ия, сағымдай елес... Атақ дейміз, абырой дейміз, даңқ дейміз, тақ дейміз... Біреулеріміз күншілдіктің, кертартпалықтың, кінәмшілдіктің апанын сарайдай сәндендіріп, сауық-сайранымызды дөңгелетеміз-ай. Қанша жақсылар мен жайсандар „ апан иелерінің “ азығына айналды...

Асылдың сынығы жанарын жұмған мезетте-ақ ой-бауырымдап „ ол – ұлы еді, ол – данышпан еді“ деп атойлап, есімдерін „аландарға, көшелерге, жасыл бақтарға“ беріп, „кала орталықтарына ескерткіштер“ орнатып жатамыз. Адамға адамның жүрек жылуы „қамшының сабындай қысқа тірлікте“ ғана керек екендігін пендешілікке салынып, ұмыта беретініміз өкінішті- ақ. Қос гүліміз де:

Мезгілінде келмеген қуаныш та

Жаныңа жұбаныш та

Әкелмейді. Рахат –нұр көңілге.

Бәйгеден соң мәні жоқ жүлденің де.

Сіздер ұғасыздарма жоқ қыздарды –

Жоқпыз мәңгі.

Жоқпыз мәңгі – дейді.

Ақын сізді тағы да таңдандырады . „Жоқ қыздарды“ сөйлетуі қандай әсерлі ! Егер ақын осы жыр жолдарын „тіріге“ айтқызса, толқып, ерекше көңіл бөлеміз бе екен... Әй, қайдам...

Өлгендер қайтып келмейді... Ұлға бергісіз қыздарымыз өз сөздеріне Махамбетті , Құрманғазыны, Мұхитты тегіннен-тегін тиек етті ме? Жоқ, Махамбеттің ақ алмас жүзді жырларын, Құрманғазының күмбір күйлерін, Мұхиттың өткір әуенін тындап өскен ұрпақ саңырау болам десе де бола алмас, бәріне байыппен қарайтын ақыл иелері ғой деген ниетте... Кейде: „Бұл неғылған батыр, таусылмайтын ақын, таусылмайтын ұлылар“-деп күңкілдеп те қаламыз. Қос батыр осымызды сезіп қойғандай, әйтсе де асқақтығымызды қатты сөзбен тасқа соғылған жапалақша жалп еткізе түсірмейді, бауырмал, биязы үнмен ақылға шақырады. Сөздерінің астарында: „Халқыңның ұлы

перзенттерін сыйла, құрметте, қадір тұт. Өлгендерге бәрібір. Бұл атақтар халқыңның мерейін көтеру үшін қажет, сен үшін болашақ тұлға, “- деген ой жатыр.

Біздің ерлік даңқымыз бүгін елде
Біздерге емес, қажет тек тірілерге
Өйткені біз мәңгілік іңірдейміз,
Мәңгілік тірілмейміз!

Ұлан-байтақ еліміздің шетіне жау тигенде, қазақстандықтар тайлы-таяғы қалмай атқа қонды. Солардың қырық пайызы өз беттерімен өтініш беріп, ерлермен тізе қосып, соғыс майданына бет алған қазақтың үріп ауызға салған қыздары :

Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Алтыншаш Нұржанова, Зоя Досбергенова, Ғазиза Өмірбаева, Хиуаз Доспанова тағы да басқалар. Соғыс өрті оларды ерте есейтті.

Бұраң бел, қиық қас, жау жүрек қыздарымыз сын сағаттарда ер азаматтарды шабуылға бастаған кездері де аз болған жоқ. Қара көз қыздарымыздың туған жерінің топырағынан, өскен ортасынан, қазақ деген халқынан анасының ақ сүтімен бойын дарытқан батырлық іс- әрекеттері басқа жауынгерлерді де батылдыққа баулып, рухын көтерді. Өз жүрегінің әмірімен майданға аттанып, буырқанып құрсаған фашистермен арыстандай арпалысып, өліммен бетпе-бет келіп, оларды тізе бүктіре білген бойжеткендеріміздің көбі елге қайта оралған жоқ. Отанды пәк те сәби жүрегімен сүйген уыздай жас қыздар жар да, перзент те сүйе алмай, жастықтың қызығын көре алмай қыршыннан қыйылды.

Жайқалып ек біз нәзік қыр гүліндей,
Арман –серік, көңіл-пәк, мұңды білмей.
Күнді құшып қиялмен, Айды аралап.
Жердегілер жанарға жүрді ілінбей.
Аласұрып он жылап, он күлетін,
Өрлігінді өртейтін, көндіретін,
Жар болудың бақыты бұйырмады.
Денемізді көрді жер, көрді де түн.

Әйел заты үшін ана болудан асқан бақыт бар ма? Соғыс өрті „ алау көңілі бозбаланың деміне емес, соғыстың жалынына шарпылған ары мұра қыр қызының“ ана болуға, бауыр еті сәби сүюге іңкәр жүрегінің қызуын өршітпесе, өшіре алған жоқ.

Тал бесікті тербетіп жақұт таңда.
Ақ үмітпен қарайтын уақытқа, алға,
Жалғасындай бөбегің бауырында...
Бұдан басқа әйелде бақыт бар ма?
Ана біткен тірлікке қорек алған-
Ұмтылмады аналап бөбек алдан.
Тірі адамдар, тыңдаңдар, ескеріңдер
Тартыстардан осылай өледі арман, -
деп сыр шертеді қыздарымыз.

Әлияның досына жолдаған хатында: „ Қымбатты Олег, мен үшін дүниеде қадірлі тек Отан ғана, мен соны қорғауға кетіп барамын,“ - деген жолдар жазылған. Махаббатты, арды, бар қызықты, санадағы қасиетті ұғымдарды тек қана Отан деген бір-ақ сөзге сыйдырып, соғысқа аттанған гүлдей құлпырған балауса бойжеткендеріміздің хаттарында осы сөздердің жазылмай қалуы мүмкін еместей, айтпесе от пен оққа орана жүріп ерліктің небір ерен үлгілерін көрсете алар ма еді?!

Отан дегеніміз – ең алдымен халық. Оларды жаужүрек еткен күш – қасиетті жерді сүю, халықты сүю, іргелі елін сүю, әкелердің даңқты жолын шынайы қастерлеу.

Ерлік жасай алады жаннан дара

Тұтастығы, Отаны барлар ғана.

Иә, ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған.

Поэманың аяқталуының өзі ақынның асқан талғампаздығының айғағы. Талғампаздық – шынайы талантқа ғана тән.

Адамзат өмірінің түйіні неге саяды? Бақытқа..? Әрине, бақытқа. „Құстың ұшуға жаралғаны тәрізді, адам бақытты болуы үшін келген дүниеге“.

Майдандас жауынгер достары „Батырлардың батыры“ атандырған қаһарман қыздарымыз: „Тірілер, тыңда бізді : арада қанша жылдар өтті, бізден басқа қанша ғұмыр алмасты, есер көсем қаншама халықты таптады, сол тұлғаның құрбандығы болған біздердің тілімізден соғыстың ащы дәмі кеткен жоқ, содан әлі көзімізден жас шығады“ , ал сендер бейбіт өмір, жаңа заман адамдарысыңдар.

Татпадыңдар ол дәмді сендер бірақ.

Жасадыңдар қан сіңген жерден жұмақ.

Уақыт басқа, бұл күнде адам басқа.

Соғыс басқа, мәселен заман басқа.

Атыстар да өзгеше бұрынғыдан.

Өмір қамын ертерек ұғынды ұлан.

Келбеті де басқаша Жер үстінің
табиғат та пәктікке кеміс бүгін.

Бақыттылар біздер ме, жоқ сендер ме
шыр айналған Жер атты от шеңберде?

Табиғат та пәктікке кеміс бүгін

Бақыттылар біздер ме, жоқ сендер ме...

Екі-ақ тармақ-қыруар ой.Қарапайым да түсінікті. Ақынның эстетикалық шеберлігінің биігін „ақиқат аз сөйлейді“ деген халық даналығымен ғана өлшеуге болады. Ал, халық айтса, қалт айтпайды.

Кім бақытты? Олар он сегізге жаңа ғана толған шағында майданға алынды. Олардың жүректерінде Отанға, ата-анаға, көңілдері құлаған арман жандарға деген алаулаған махаббат бар еді. Соғыс деген тажал айдын көлде күн сәулесінің шуағына малына күй кешкен аққу махаббатты тұңғыық түбіне батырып, төрт жарым мың боздақты түгел жалмады. Төрт жарым мың ата-ананың көз жасы көл болып, төрт жарым мың „қара көз, имек қас, қараса көз тоймас“ деп ұлы Абай сыйпаттаған жас сұлудың жүректері қара жамылды. Артында қалған ұрпақ: „Отан үшін мерт болғандар–бақыттылар“ деген қағиданы жаттап өсті. Поэмада ақын „кім бақытты?“ деген сауалға жауапты бейбіт заман ұландары саған не маған бергізбейді, жау оғы сағағынан үзген қызғалдақ қыздарымызға түйіндетеді.Ана сүтін ақтаған, халқымыздың адал перзенттері,еліміздің мақтанышы ,көгімізде шолпан жұлдыздай жарқыраған әйел қауымының биік мұнарасы екі есім-Әлия мен Мәншүк „көңіл-дала,жаны-гүл адамдардың,бүгін соғыс күліне айналған“ асыл ағаларымыз бен аяулы апаларымыздың тілегі мен талабын ұштастыра былай деп асқақ үн қатады:

Тірі адамдар,тыңдандар .Жер үстінде

Сендердікі бақыт та, жеміс түн де,

Қолдарыңда жұмыр Жер тізгіні де.

Тізгінсіздер мерт етті бізді ,міне!

Сендердікі бәрі де, тегіс сенде
Қызыл тулар, аландар, жеңістер де!
Жар құшақ та, бала да, рахат та -
сендердікі абырой, гүл атақ та.
Қызғанбаймыз, біз сенен, қуанамыз,
Ерліктерден өлмейтін туады аңыз.
Уақыттың жас қыраны,
өлгендер тапсырады,
саған өмір дауылын, шуақ таңын,
бетінді ашар тірліктің сынақтарын,
қорғап сонда кеткенің мұраттарын,
алау туын Жеңістің құлатпағын!

Біз-бақыттымыз! Өйткені, Біз-ел шетіне жау келгенде омырауын отқа тосып,
Отанын жаудан қорғаған ерлігін өнеге тұтатын, қаһарман ағаларымыз бен
апаларымыздың өмірінен тәлім алған, атағы мен даңқын ту етіп жүретін жас өркенбіз.
Біз-өмір жалғасымыз!

Поэманың негізгі өзегі-екі ұрпақтың мейірбан сырласуы, өлінің тіріге тілеулестік
қатал талабы. Халқымыздың қос арысының тірілермен диалогі-ақын
шығармашылығының өлмес мұрасы. Ақын шабыты - батыр апаларымыздың даңқымен
орынды да орайлы тоғысқан.

ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мансариева А.Т.

Атырау облысы Мақат ауданы

Л.Шахатов атындағы орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Білім – жолы қиын да қастерлі жол. Болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі
өмір ағысына бейімдеу ұстаз алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі заманғы білім
беру жүйесі оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу арқылы педагог
қызметкерлердің тұлғасы мен кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда.

Жан-жақты білімді, дарынды, талантты оқушыны қалыптастыру бағытындағы
білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан
дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістікке ену, білім беруді
демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап,
білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Қай кезеңде, қай
заманда болмасын мектептегі басты тұлға мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен
кем түспейтін, иық тірестіре алатын, алған білім мен тәрбиелік қазынасын туған еліне,
адамзат игілігіне жұмсай алатын қазақтың ой-танымының иесі, саналы азаматты
жетілдіруге үлес қосатын шет тілін оқыту процесі, оны ұйымдастырушы мұғалімге
жауапты міндет жүктеледі.

Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана
емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында
ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны
қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн.

Сондықтан да тілді үйретуде жаңа инновациялық технологиялардың маңыздылығы ерекше. Оқыту мен оқу үрдісінде қолданылып жүрген технологиялар қатарында ағылшын тілін оқытуда коммуникативті оқыту технологиясының маңызы зор. Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет - тілді коммуникативті бағытта үйрету.

Коммуникативтік оқыту технологиясының мақсаты: шет тілінде пікірлесуді - пікір алысу арқылы үйрету, оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуі мен өзара тіл табысып, сөйлеуді дамытуы. Коммуникативті оқыту технологиясы дегеніміз-пікір алысуға негізделген әдіс. Коммуникативтік оқыту процесінің тілдік бағытын білдіреді, ол тіл дамыту жұмыстарының бір түрі.

Тіл-қарым-қатынас құралы. Тіл игеру арқылы адам айналасындағы дүниені таниды, басқалармен қарым - қатынасқа түсе отырып оның ой өрісі кеңейеді. Ағылшын тілін үйретудегі негізгі әдістемелік бағыттар-оқу үрдісі оңайдан қиынға қарай бағытталған, тілдік материалдар күнделікті өмір шындығынан алынған және оқу процесінде әбден шыңдалып, өңделген.

Коммуникативті оқытуда білім беру-оқушының өзін ауызша (түсіну, сөйлеу) және коммуникацияға (оқу және жазбаша) тарту, яғни оқылып жатқан тілде бүкіл курс бойынша қарым-қатынасын қалыптастыру.

Коммуникативтік әдіс-ағылшын тілін оқытудағы оқу тәрбие үрдісінің барлық мақсат-міндеттерін қамтиды. Басты көңіл бөлінетін нәрсе-ол сөйлеу және оқу. Оқушылар сөйлеу мен оқуды меңгергеннен кейін жазуды үйренеді. Сөйлеу мен оқу арқылы дұрыс нәтижеге жеткен оқушы өз ортасында ағылшынша еркін сөйлеп, тілді қатынас құралы ретінде пайдаланады. Коммуникативті технологияны пайдалана отырып сабақ жүргізгенде жұптық, топтық жұмыстардың, ойынның, әннің, жобалау жұмысының маңызы зор.

Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап-жаңа инновациялық-технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру. Жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде оқу орындарында ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Оқушылардың ағылшын тілін біліп ғана қоймай,оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді.

Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты-шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Сондықтан оқытушы оқушыны ынталандыру, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты төмендегідей жолдармен өткізуіне болады:

-Сабақта тақырыпқа байланысты кестелерді, суреттерді кең көлемде қолдану;

-Интерактивті тақтаны қолдану арқылы тақырыпқа қатысты слайд-шоу, бейнетаспаларды көрсету;

-Сабақты ойын түрінде өткізу;

-Сабақта ақпараттық-техникалық құралдарды және инновациялық технологияларды тиімді қолдану білім сапасына әсер етеді.

Пәнге деген қызығушылықты арттыруда ең көп қолданылатын тиімді тәсіл-сабақты ойын түрінде өткізу болып табылады. Сабақты ойын түрінде өткізу-

оқушылардың грамматиканы, лексиканы тез меңгеруге, сөйлеу және есту қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар ойынды сүйіспеншілікпен мұғалімдер де, оқушылар да ойнайды. Себебі ойын балалар үшін еліктіргіш сабақ болып табылады. Ойын кезінде жақсы оқитын оқушылар да, нашар оқитын оқушылар да тең. Сол себепті ойын кезіндегі теңдік сезімі, оқушының тапсырманың қолынан келетінін сезінуі, еркін атмосфера әрбір оқушыға өз бойындағы ұялшақтық сезімін жеңуге, өз ойын еркін білдіруге, топта бірлесе жұмыс істеуге көмектеседі. Ойындар келесідей маңызды әдістемелік тапсырмалардың орындалуына мүмкіндік туғызады:

1. Балалардың сөйлеу арқылы араласуына психологиялық дайындығын жасауға;
2. Балалардың тіл материалын көп қайталауына табиғи қажеттілікті қамтамасыз етуге;
3. Сөйлеудің жалпы алғанда күтпеген жағдайға дайындығы болып табылатын оқушылардың қажетті сөйлеу үлгісін таңдап алуға жаттықтырады.

Белгілі ғалым М.Ф.Стронин өзінің «Ағылшын тілі сабағында қолданылатын жаттықтырушы ойындар» кітабында ойындарды келесідей категорияларға бөлді: лексикалық ойындар, грамматикалық ойындар, фонетикалық ойындар, орфографиялық ойындар және шығармашылық ойындар.

Сонымен қатар сабақта электронды кітаптарды пайдаланудың да маңызы өте зор. Себебі, ол оқушының танымдық көзқарасын қалыптастыруға, ізденісін ұлғайтуға, шығармашылық қабілетін арттыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға көмектеседі.

Оқу процесінде жаңа технологияларды қолдану аса маңызды. Өзімізге белгілі жаңа технологияларды қолдануға көп үлес қосып жүрген зерттеуші ғалымдар қатарына У.С.Полат, Е.Н.Дмитреева, С.В.Новиков, Т.А.Помелова жатады. Шыныменен, жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолдану үлкен рөлге ие болып, барлық салаларда қолданылуда. Интернет-технологиялар-ақпаратты іздеуге, халықаралық ғылыми жобаларды әзірлеуге, ғылыми зерттеулер жүргізуге үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Ағылшын тілі сабағында оқушының оқу-танымдық көзқарастарын дамыту үшін, ең алдымен ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырудың жолдарын іздестіруіміз керек. Сондықтан, тіл үйренушілердің тілге қызығушылығын арттыру біріншіден, ұстаздарға байланысты.

Қорыта айтқанда, шетел тілін меңгеру өте маңызды. Ол оқушылардың ой-өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Оқушының жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға бағыт алып отырған бүгінгі білім беру жүйесінде әлемдік стандарттар талабының негізгі компоненттерінің бірі деп танылған көптілдік оқытуға көңіл бөлу бүгінгі заман тапсырысы болып табылады. Шетел тілінің мұғалімі оқытудың жаңа технологиясын жан-жақты меңгеріп, соңғы жарық көрген ғылыми әдістемелік әдебиеттердегі тәжірибелі ұстаздардың оқыту әдістерін оқып үйреніп, оларды өз жұмысында орынды қолдана білуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аmandықова Г.Н, Мұхтарова Ш.Е «Шет тілін оқыту әдістемесі» 2010.
2. Токтамысова Г.А «Коммуникативті оқыту технологиясы негізінде оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту жолдары» 2008.

ФОРМИРОВАНИЕ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Калдыгарина Ж.С.

*Учительница русского языка и литературы СШ имени Х. Санбаева
Атырауская обл, Макатский район*

Понятие «компетенции» в методике преподавания русского языка в школе связано, в первую очередь, с поисками более точного, строгого определения целей обучения с выявлением уровней владения языком, иначе говоря, с ответом на вопрос, как ученик владеет языком. Компетенция – способность к выполнению какой-либо деятельности на основе приобретенных знаний, навыков, умений. Под компетенцией в современной методике понимается совокупность знаний, умений и навыков, которые формируются в процессе обучения русскому языку и обеспечивают овладение им и, в конечном счете, служат развитию личности школьника.

В теории и практике преподавания русского языка выделяются следующие компетенции: языковая, лингвистическая, коммуникативная, культуроведческая. Кратко охарактеризую содержание компетенции каждого типа.

Языковая компетенция – способность учащихся употреблять слова, их формы, синтаксические конструкции в соответствии с нормами литературного языка, использовать его синонимические средства, в конечном счете – владение богатством языка как условие успешной речевой деятельности.

Лингвистическая компетенция – представляет собой результат осмысления речевого акта учащимися. Она включает в себя знание основ науки о русском языке, предполагает усвоение комплекса лингвистических понятий, усвоение тех сведений о роли языка в жизни общества и человека, благодаря которым воспитывается устойчивый и постоянный интерес к предмету, чувство уважения и любви к русскому языку. Наконец, лингвистическая компетенция включает в себя и элементы истории науки о русском языке, о ее выдающихся представителях.

Коммуникативная компетенция – это способность понимания чужих и порождения собственных программ речевого поведения, адекватного целям, сферам, ситуациям общения. Она включает в себя знание основных речеведческих понятий: стили и типы речи, строение описания, повествования, рассуждения, способы связи предложений в тексте и т.д., умения и навыки анализа текста. Однако охарактеризованные знания и умения еще не обеспечивают общения, адекватного коммуникативной ситуации.

Современный период развития методики преподавания языков характеризует обостренный интерес к кумулятивной функции языка, к обучению языку как средству приобщения к мировой и национальной культуре. Изучение языка должно развивать **культуроведческую компетенцию**, которая обеспечивает формирование русской языковой картины мира, формирование одной из важнейших ценностных ориентаций – осознание значимости русского языка в жизни народа, развитие духовно – нравственного мира школьника.

Формирование языковой компетенции – важнейший аспект обучения русскому языку, поскольку языковая компетенция – это способность учащихся употреблять слова, их формы, синтаксические конструкции в соответствии с нормами литературного языка, использовать его синонимические средства, в конечном счете – владение богатством языка как условие успешной речевой деятельности. Последнее

время формированию языковой компетенции придается особое значение, так как в ней совершенно справедливо видят залог успешного формирования социально активной личности.

Языковую компетенцию в отечественной науке раскрывают чаще всего как совокупность конкретных умений, необходимых члену языкового сообщества для речевых контактов с другими и овладения языком как учебной дисциплиной.

В формировании языковой компетенции особое значение приобретает организация комплексной работы с текстом.

Цель работы предполагает необходимость решения следующих задач:

1. Обеспечить качество усвоения знаний по предмету.
2. Внедрить на уроках русского языка формы и методы работы с текстом, способствующие формированию языковой компетенции.
3. Разработать способы практической деятельности учащихся, направленной на развитие навыков анализа, синтеза, обобщения и систематизации языковых и текстовых единиц.
4. Использовать приемы комплексной работы с текстом для занятий с одарёнными учащимися.
5. Отобрать тематический текстовый материал, направленный на развитие нравственных качеств школьников.

Комплексная работа с текстом в структуре современного урока становится необходимым условием для эффективного формирования знаний, умений и навыков и делает процесс обучения увлекательным.

Наиболее результативными являются следующие формы и методы организации работы с текстом:

- комплексный анализ текста;
- работа с текстом при подготовке к написанию сочинения-рассуждения;
- анализ текста при работе над типами речи;
- сопоставительный анализ текстов;
- письмо по памяти;
- лингвистический эксперимент;
- работа с «деформированным» текстом;
- составление текста по опорным словам.

Активизируют творческую активность учащихся и повышают интерес к предмету нетрадиционные формы проведения уроков: урок-дискуссия, урок-практикум, урок-исследование, урок-игра, интегрированные уроки.

Комплексный анализ текста

Комплексный анализ текста – это не только интересный, но и чрезвычайно полезный вид работы, при котором осуществляется системный подход к изучению языка. Работа с текстом развивает у учащихся языковое чутье, способствует устранению грамматических, стилистических и речевых ошибок, значительно углубляет стилистико-семантическое восприятие произведений художественной литературы и формирует нравственные качества школьников.

Анализ текста при работе над типами речи

Школьники знакомятся с автором и названием произведения, откуда взят отрывок, отмечают, какому событию он посвящён. После выразительного чтения отрывка учителем определяется принадлежность текста к определённому типу речи и приводятся доказательства.

Сопоставительный анализ текстов

Разновидностью уроков-практикумов становятся уроки сопоставительного анализа художественных текстов схожей тематики. Такая работа помогает школьникам выявить особенности создания образов, выразительные возможности художественных средств, повышает интерес к слову.

Письмо по памяти

Одним из упражнений, направленных на формирование орфографической зоркости, а также способствующих развитию речи, является письмо по памяти (воспроизведение заранее выученного текста небольшого объёма). Письмо по памяти развивает эстетическое отношение к русскому языку, формирует у учащихся языковую компетенцию, умения применять правила в процессе упражнений для закрепления изученного материала. Подобная работа занимает на уроке немного времени, но приносит хорошие результаты. Ребята всегда с интересом готовятся к её выполнению.

В ходе предварительной работы полезно познакомить учащихся с автором миниатюры, с историей её создания.

Словарная работа

Использование разнообразного материала помогает и в проведении словарной работы на уроках русского языка.

Лингвистический эксперимент

Продуктивным приёмом работы с текстом является лингвистический эксперимент, который может проводиться в ходе анализа языка художественного произведения. Цель учебного эксперимента – обоснование отбора изобразительно-выразительных средств в данном тексте и установление внутренней взаимосвязи между языковыми средствами. Лингвистический эксперимент может проводиться двумя путями - от целого текста к его компонентам или от единиц языка к тексту:

- устранение данного языкового явления из текста;
- подстановка или замена языкового элемента синонимичным;
- распространение текста другими языковыми элементами;
- свёртывание текста;
- перестановка слов и других языковых единиц.

Работа с «деформированным» текстом

Важную роль в работе над орфографической зоркостью учащихся играет работа с «деформированным» текстом. На уроке можно не только тренировать орфографические и пунктуационные навыки, знакомить учащихся со средствами выразительности, но и проводить воспитательную работу.

Таким образом, использование комплексной работы с текстами на уроках русского языка способствует формированию языковой компетенции учащихся, помогает в подготовке к ЕНТ, развивает кругозор, повышает интерес к предмету. В процессе работы с художественным текстом на уроках русского языка происходит развитие, совершенствование чувства языка, приобщение школьников к национальной культуре.

Литература:

- 1.Божович Е.Д. «Учителю о языковой компетенции школьников: психолого-педагогические аспекты языкового образования» М: 2002.
- 2.Быстрова Е.А. «Цели обучения русскому языку, или какую компетенцию мы формируем на уроках» М: 2003.

Мектенке дейінгі білім мен тәрбие

ВНЕДРЕНИЕ В ОБУЧЕНИЕ ДОШКОЛЬНИКОВ ЭЛЕМЕНТОВ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Бескулова Б. Д.

*директор КГКП № 24 ясли сада
«Счастливое детство» г.Атырау*



Устойчивое развитие—это процесс экономических и социальных изменений в обеспечении качества жизни людей.

Цель образования по устойчивому развитию—предоставить детям развить следующие ключевые компетенции, которые необходимы для жизни и работы в XXI веке:

- а) глубокое понимание глобальных проблем и универсальных ценностей, таких, как справедливость, равенство, достоинство и уважение;
- б) когнитивные навыки для критического, системного и творческого мышления, в том числе использование многопланового подхода для решения различных проблем;
- в) некогнитивные (социальные и коммуникативные) навыки, такие, как умение сопереживать и разрешать конфликты, способность налаживать контакты и взаимодействовать с людьми разного происхождения;
- г) умение работать сообща, а также стремиться к достижению коллективного блага.

Учитывая, что дошкольное образование должно базироваться на идеях устойчивого развития, это требует переобучения педагогов с учётом современной социальной, экологической, экономической ситуации.

Немаловажно отметить, что казахстанские ВУЗы являются участниками структурных проектов международной программы Эразмус+, в частности, на 2017-2019 годы реализуется проект «Обучение в течение всей жизни устойчивому развитию» (SUSDEV).

Задачи проекта:

1. Разработка учебных модулей для стимулирования зеленых навыков для разных целевых групп и уровней квалификации;
2. Обеспечение доступа целевых групп к открытым образовательным ресурсам;
3. Повышение экологической культуры и непрерывного образования путем обучения преподавательского состава, внешних заинтересованных сторон и государственной администрации, которая связана с консорциумом проекта.

Результатом реализации цели и задач проекта стало открытие тренинг-центра и обучение будущих педагогов-воспитателей детских садов. Первым детским садом, с которым подписан меморандум, стал детский сад № 24 «Счастливое детство» города Атырау.

Воспитатели прошли обучение на базе тренинг-центра Атырауского государственного университета им.Х.Досмухамедова.

В ходе обучения воспитателей детского сада был проведен совместный анализ содержания государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения, который явно указывает на то, что в нем охватываются только некоторые элементы обучения устойчивому развитию, в большей части связанных с ознакомлением с окружающей средой и основами экологии.

Поэтому в рамках проекта SUSDEV сотрудниками Атырауского государственного университета им.Х.Досмухамедова была разработана и предложена к использованию программа устойчивого образования для детей дошкольного возраста «ECOMIND»

Программа предлагает воспитателям детских садов полезный образовательный инструмент с точки зрения справочной информации, обучения идеям и материалам. Воспитание детей на уровне детского сада для активного участия в охране окружающей среды и знание того, как быть экологически ответственным, является приоритетом.

Программа предлагается к использованию в детских садах для детей в возрасте от 3 до 6 лет и является результатом анализа имеющихся учебных ресурсов на английском и русском языках с адаптацией к казахским реалиям.

Основой для этой программы является передовая практика ЮНЕСКО в области образования в интересах устойчивого развития в области раннего детства, содержащая 12 примеров программ, посвященных вопросам устойчивого развития в области образования в условиях раннего детства и практики.

Программа устойчивого развития «ECOMIND» учитывает местные экологические, экономические, социальные условия и направлена на:

- сокращение потребление отходов, энергии и воды в детских садах;
- помощь маленьким детям понимать свое место в природе и как они могут способствовать решению экологических проблем;
- методическое обеспечение учителей для обучения ими маленьких детей тому, как заботиться об окружающей среде.

СОДЕРЖАНИЕ ПРОГРАММЫ «ECOMIND»

Модули	Занятия
Земля – наш дом	Введение в понятие о земле
	Система Земля
	Природные ресурсы
	Природные ресурсы (продолжение)
Отходы	Мусор
	Охотник замусором
	Зачем перерабатывать мусор?
	Переработка отходов
	Корзины для сбора мусора
Вода	Для чего используют воду?
	Недостаток воды
	Загрязнение воды

Воздух	Загрязнениевоздуха
	Загрязнениевоздуха (продолжение)
Защитим Землю	Сделаем Землю другой!

На эту тему 22 января 2020 года был проведен городской семинар с участием методистов и воспитателей детских садов города. В программе семинара воспитатели ясли сада № 24 показали открытые занятия. С участниками семинара была проведена блиц игра по решению ситуационных задач на тему элементов устойчивого развития.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ LEGO ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Султанова Н. Д.

психолог

Жиембаева В. У.

тәрбиеші

Абуева А. К.

тәрбиеші

Атырау қаласы

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай бақшасы

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда тәлім-тәрбие алатын бүлдіршіндерді жан-жақты дамыту мақсатында жаңашыл технологиялардың көп түрлері пайдалануда. Жұмысында жаңашылдықты пайдаланбаған педагог балаларға тиісті деңгейде қазіргі заман талабына сай білім бере алмайды. Сондықтан, біз еңбек етіп отырған №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасында Lego технологиясының тиімділігін саралап, ең алдымен, ұсынылған жаңашылдықты шығармашылық топ отырысында талқыладық. Артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, шығармашылық жұмыспен жұмыс жасауға шешім қабылданды. Баламен жұмыста технологияларды енгізу әр мекеменің жұмыс жоспарына сай өзгертілуі де мүмкін. Тәрбие және оқыту үрдісіне кез - келген технологияны енгізе берген де дұрыс емес. Мектепке дейінгі балалардың психологиялық танымдық қабілеттерін дамытып, жас ерекшелігіне байланысты қиялын, қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын, зейінін, сөздік қорын дамытуға Lego технологиясының пайдасы зор.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласы бүгінгі күні білім саласының басты нысанасына айналып отыр. «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» деп тұжырымдағандай ұжымдық шығармашылық жұмысымызды осы мақсатты жүзеге асыру үшін ұсынып отырмыз.

«Балабақшадағы Lego технологиясы арқылы инновациялық - педагогикалық тәжірибе тұжырымдамасы»

Шығармашылық жұмысымыздың мақсаты: МДҰ жағдайында құрастыру қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын қарастыра отырып, ересектермен өзара іс-қимылда жеке жұмыстарды орындау кезінде конструктивтік іскерлікті қалыптастыруға шығармашылық бастаманы енгізу болатын. Шығармашылық жұмыстың міндетіне тоқталсақ, Оқыту үрдісінде Lego технологиясын қолдану міндеттері:

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Баланың кеңістікті бағдарлау білуіне;
- Құрастыру барысында логикалық ойлау қабілетін;
- Баланың қиялын дамыту;
- Ұсақ моторикасын дамыту;
- Ұжымдасып ойнауға машықтандыру;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін дамыту.

Шығармашылық жұмыстың жаңашылдығы:

- №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының орыс және қазақ тобы педагогтарының психологпен біріккен шығармашылық жұмысы;
- №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы алаңында арнайы дамытушы ортаның жасақталуы;
- Жаңартылған бағдарламаның оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдерімен кіріктірілуі.

Шығармашылық жұмысымызды жетілдіру барысында алдымен мынадай жұмыс түрлері белгіленді:

1. Шығармашылық тақырып баланың жас ерекшелігімен тұлғалық қасиеттеріне сай таңдалынуы;
2. Педагогпен балалардың бірлесе ойнауы барысында бала өзін еркін сезінуге жағдай жасауға дамытушы ортасын жасақтау;
3. Балалардың жағымды эмоционалды ортасын дамыту;
4. Құрастыру кезінде баланың ізденімпаздығын дамыту;
5. Педагогикалық интеграция әдістемесін қолдану.

Шығармашылық жұмыстың өзектілігі: мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және логикалық дамуын жетілдіру.

-Не нәрсеге үйрету керек: Қағидалық мәселелер (өмір сүруге, адам болуға, өзіндік тұрғыда әрекет етуге, өмір бойы үйренуге).

-Қалай үйретеміз:

- Бірлесе (жұмысты жүзеге асыру жекелей емес, ұжымдасып, топтық жағдайда жасалған жұмыс пен әрекеттер арқылы игерген тиімді);
- Өмірмен байланыстыра (Өмірде туындаған мәселелерді: телефон, смартфон, гаджеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.)

-Не үшін үйрету қажет: Тұлға болу үшін (ең басты мақсат пен адами құндылығын дамыту)

Жұмысты жетілдіру үшін №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының тәрбиелеу үрдісінде Lego технологиясы білім берудің салаларымен тығыз қарым-қатынаста қамту арқылы дамытуды көздедік:

«Денсаулық» білім беру саласы (Модельдерді құрастыруда балалар әрдайым қимыл-қозғалыста болады. Көлік жүргізеді, көліктерді жарыстырады. Сол себепті легоқұрастыру денсаулыққа да оң әсерін тигізеді).

«Коммуникация» білім беру саласы (Кез келген іс-әрекетте балалардың тілдерін дамытусыз болмайды. Lego құрастыру кезінде балалар сөйлеседі, объектілерді сипаттайды, әңгімелеседі. Балалар ойын барысында қойылған сұрақтарға жауап береді, бірге ойнап отырған достарына сұрақ қояды. Бұл әрекет арқылы балалар әлеуметтік машықтарға үйренеді.).

«Таным» білім беру саласы (Тапсырманы неғұрлым дұрыс орындау үшін балалардың ҚМТҚ болуы керек. Балалар құрастыру барысында қажетті бөлшекті

таңдайды, оларды санайды, салыстырады, түстерін анықтайды, заттарды кеңістікте бағдарлауға да болады.)

«Шығармашылық» білім беру саласы (Балалар Lego құрастырмаларынан түрлі объектілерді құрастыра отырып, түсті қағаздар, қарындаштар мен қосымша жабдықтарды пайдаланып өз ойынша сюжет құрастырып ойнайды). Lego құрастырмаларын баяу тілдік дамуы байқалған балаларды оқытуда кеңінен пайдаланылады. Құрастыру кезінде ұсақ моторика дами отырып, баланың ойлау қабілетін дамытады.

«Әлеумет» білім беру саласы

• **Еңбек.**

• **Қауіпсіздік** (Балалар ойын ойнауда қауіпсіздік сақтауды да ұмытпайды. Ойын орындарында тазалық сақтауға тырысады. Сол арқылы балалар тиянақтылыққа, тазалыққа үйренеді. Өз ойыншықтарын күтіп ұстауға үйренеді. Бұл машықтар «Әлеумет», «Еңбек», «Қауіпсіздік» түсініктерін қалыптастырады).

• **Осы жұмыс бойынша күтілетін нәтиже:** Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері қалыптасып және өз-өзіне қызмет көрсете алады (Lego ойыншықтарын бала ұстап көре алады. Құрастырмалар бала өміріне қауіпсіз. Қолын кесіп алу, жұтып қою, улану жағдайлары анықталмаған; Баланың қолдары таза қалпында қалады. Ойнап болғаннан соң құрастырмаларды тез жинай алады);

- Lego құрастырмаларын қолданып бала ойындағысын құрап қуанышқа бөленеді;

- Lego арқылы оқыту ойын түрінде жүзеге асады;

- Бала өзін еркін сезініп қозғалады (Құрастырмалар жеңіл болғандықтан оларды кез келген кеңістікте пайдалануға болады. Мәселен, үстел үстінде, кілемшенің үстінде т.б);

- Ұжымдық және ынтамақтасқан іс-әрекет қалыптастыру (Lego құрастырмаларын бала өзі жалғыз да топпен де, жұппен де ойнай алады) Қоғамда, айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаның алдында үлкен талаптар қояды. Балалардың шығармашылық дарындылығын дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін арнайы оқыту, ерекше бағдарламалар бойынша дағдылы бағдарламаны жәй ғана кеңейту немесе күрделендіру емес, сол тапсырманы орындау барысында баланың шығармашылық, ойлау қабілетін дамытуға жұмыстану.

Балалар дарындылығының табиғаты, шығармашылық қабілеті дамуының қайнар көзі, шығармашылық мүмкіншілігінің психологиялық құрылымы–мұның барлығы арнайы ізденісті қажет ететін мәселелер. Қазір психология ғылымында осы мәселеге қатысты біраз деректер жинақталып, зерттеу жұмыстары жүргізілуде (Брушлинский А.В., Пономарев Я.А., Лейтес Н.С., Крутенский В.А., Матюшкин А.М., Небылицин В.Д., Кравцова Е.Е., Дьяченко О.М., Кудрявцев В.Т., Нурагунова А.А, т.б)

Қоршаған ортаның, тәрбиенің және дамудың әсері нәтижесінде балалармен жүргізілетін жұмыс сипаты айқын көрінеді. Балалардың рухани өсуі және дене бітімінің жетілуі бойынша жүргізілетін зерттеу мен бақылаулар мектепке дейінгі ұйымда жүргізілетін әрбір тәрбиелік мағынаға ие жұмыстарға тікелей байланысты. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім саласының мақсаты да өмірге тез бейімделе алатын ұрпақты дайындауды көздейді. Балалардың 5-6 жастағы кезеңде зертеушілік,

шығармашылық қызығушылығы артып, қабілеті қалыптасып дамитын кезеңі. Жас кезден бастап қалыптасқан дағдысы жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

Lego құрастырмаларын пайдалануда қолданылатын жұмыс түрлері:

- 1.Ізденіс-зеттеу жұмысы;
- 2.Жобалау іс-әрекеті.

Шығармашылық жұмысымызды жүзеге асырмас бұрын «Ізденіс-зеттеу жұмысы» бойынша Lego технологиясы туралы ақпараттар, ресурстар жинақтау жұмысын ұйымдастырып, балалармен жұмыстың жүру барысын сараладық. Нәтижесінде баланың конструкциялау қабілетін дамыту баланың ойлау процестерін белсендіретінін, қойылған міндеттерді шығармашылық тұрғыдан ойлауға, өнертапқыштық пен дербестікке жаңаша қызығушылықты туындататынын атап өту қажет. Құрастыру бастамашылдықты, ізденуге ұмтылысты, ерік-жігерді қалыптастырады. Дәл осы бойынша, конструкторлық қызметке қойылатын негізгі талап балалар мен ересектердің өзара іс-қимылындағы іс-әрекеттің шығармашылық сипаты, бұйымды орындаушы үшін құрастырудағы қиындықтардың оңтайлы деңгейі, конструкторлық қызметті орындау барысында және аяқталғаннан кейін тұрақты мотивация және оң эмоционалдық көңіл-күйді қамтамасыз ету болып табылады.

Егер баланың іс-әрекеті шығармашылық сипатта болса, онда ол үнемі оны ойлауға мәжбүр етеді және бала үшін жеткілікті тартымды. Бала өз бетінше отырғаннан кейін, маңызды ересектер баланы құрастырудың алғашқы қабілеттерін дамытуға белсенді кірісе алады. Жинау, сындыру, құрылыс бойынша кез келген қызмет–бұл болашақ логика мен интеллект үшін тамаша жаттығу базасы. Кеңістіктік ойлау және қиял текшелерді қосу әрекеттерінен шығады, құмда бейне салу немесе қағаз бен сіріңкеден кеме жинау т.б. Барлық аталған ойындар конструкторлық дағдыларды дамытады.

Ең кішкентай балалардың конструкторлық қызметі- бұл заттардың қасиеттерін тану, баланың тілінше «бірдеңені бірдеңемен» біріктіру. Ерте жастағы балаларды құрастыруға дамыту қабілеті бар ойындар ретінде келесі "ойыншықтарды орнына орналастыру", "ұқыпты ойыншықтарын салу","конструктормен ойындар" ұсынуға болады. Конструктордың көмегімен балалар кез- келген қиялдарды іске асыра алады, өзінің қайталанбас әлемін құра алады, тіпті ойланбастан, күрделі физикалық және геометриялық заңдарды меңгере алады, моториканы, қимылдарды үйлестіруді, көз өлшегіштерді дамыта алады. Lego конструктормен ойындар:

- бейнелі ойлау (баланың белгілі бір бейнені ойлап құрауы);
- кеңістіктік ойлау (бала тәжірибеде элементтердің әртүрлі кеңістіктікте орналасу ара қатынасын таниды: оңға-солға, жоғары-төмен; бөлшектердің сәйкестігін түсінуге үйренеді: бір зат жоғары, екіншісі төмен);
- ұсақ моторика мен көз дәлдігі (қолдың саусақ қимылын дамытады, орналастыру шамасын өлшеуді үйренеді, көзді жаттықтырады);
- қиял мен қиял (қияли ойлап табады, жасайды, іске асырады, түрлендіреді және т. б.);
- құрастыру қабілеті (бала бөлшектердің орналасуын түсініп қана қоймай, сол немесе басқа объектіні қалай құру керектігін түсінеді).

Lego ресурстары мектепке дейінгі ұйымның ойын қызметінің атрибуттары болып табылады. Осындай ресурс көмегімен балалар тек схема бойынша ғана емес, сонымен қатар өз ойларын, қала құрылысын, станцияларды құрастыруды үйренеді және өздерінің өнер табыстарын жетілдіреді.

- Жаңартылған бағдарламаның Lego технологиясымен интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы кіріктірілуі.

Ұжымдасқан қызмет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері балаларға басқалардың пікірімен санасуды, ойын нәтижесін болжауды, өз бетінше белгілі бір іс-әрекеттерді жоспарлауды, мақсатқа жету жолдарын айқындауды үйретеді.

Жаңартылған бағдарлама бойынша тәрбиелеу мен оқытуға арналған ойындар үш топқа бөліп қарастырылған:

- педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын;
- құрылымдалған ойын;
- еркін ойын.

1. **Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойында** педагог ойынға қажетті ресурстармен балаларды қамтамасыз етіп, ойынды бастап береді немесе ойынды бағыттау, не баланы бағдарлау үшін ойынға қосылады.

2. **Құрылымдалған ойын** барысында әдетте балаға қашан және не істеу керектігі жөнінде нұсқаулар беріледі. Құрылымдалған ойынның /тапсырманың нақты аяқталу кезеңі болуы ойын барысында өрбуі мүмкін әртүрлі нұсқалар санын шектейді. Бұл баланың ойынды қабылдауын жеңілдетеді. Сонымен қатар ойынның айқын құрылымы балаға ойынның ақырғы нәтижесіне жету үшін қандай қадамдар мен іс-әрекеттерді орындау қажет екендігін түсінуге мүмкіндік береді.

3. Нақты шекаралары мен ережелері жоқ, бала қалағанын жасайтын **еркін ойын**.

Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойынға Lego ойыны арқылы тиімділігін саралағанда смарт мақсатым: балалар ойлау қабілеті дамыған, атауларын атайды, талқылай алады. Алдымен балаларға ойын ережесімен таныстырылып көрсету арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргіздім. Әрі қарай бала үнін тыңдау мақсатында суреттерді өз қалауларымен таңдап алды, осы жерде бала үні орын алды. Ойын барысында бала үнін тыңдай отырып, екі топқа топтастырдым. Ресурстарды саралау, тиімді оқу мен оқыту стратегияларын қолдандым. Ойын соңында балаларды мадақтап, мақтап ойынға қызығушылықтарын арттырып отырдым. Жанама бақылау арқылы шатасып қателескен балаларға ресурстарды саралау арқылы ашық сұрақтар қоя отырып кері байланыс жасап оң нәтижесін алдым. 4К моделінің ішіндегі-коммуникативтік, сыни ойлау, команда да жұмыс жасауды дамыттым. Бұл ойында тиімді тұсы 4К моделін дамыту мен бала үнін ескеру орын тапты.

Құрылымдық ойынға «Lego» ойынын қолданудың тиімділігі

Смарт мақсаты: балалар өз бетінше ойнайды, бір-біріне көмектесуге және жағымды қарым-қатынас жасай біледі, ойын жағдаятын қалыптастыра алады. Күннің екінші жартысында ойналып жүрген ойын ретінде қолданып құрылымды ойын түрінде ұйымдастырдым. Бала үнін тыңдау арқылы балалар өз таңдау мүмкіндігін алды. Бұл жерде тиімді оқу мен оқыту тәсілдерінің бірі зерделеу мен бақылау жұмысы жүргізілді. Ойын барысында балалар арасында өзара ынтымақтастық ерекше көрініс тапты. Бірлескен ойында балалар қарым-қатынас жасау тілімен өз әрекетін басқалардың іс-әрекетімен үйлестіре білді. Өзара түсінуді және көмектесуі болды және де педогогтың балаларға қолдау көрсету стратегиясын қолдандым. Нәтижесінде ойын қызықты құрастырылған заттар сан алуан болды. Осы ойын барысында балалар таңдаған құрастырма бөлшектерімен бір бейне құрастыра ойнап алып шықты. Бұл ойында балалардың ой-өрістері кеңейді, бір-бірімен диалогқа түсе отырып ортаға араласуы Lego ойынының тиімділігін көрсетті.

Еркін ойында «Lego» ойынын қолданудың тиімділігі: Әр түрлі бейнелерді құрастыру. Смарт мақсаты: болжауды, елестетуді білдіреді. Бұл дегеніміз- мектеп жасына дейінгі баланың танымды қабілетін дамытады. Бұл ойында бала үнін тыңдау арқылы балалар өздері қалаған суреттерді таңдап, сол суреттерді үлгі ретінде қарап суреттегі бейнені құрастырып берді. Ойын барысында құрастыру қызықты және баланың қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, бұл жерде шығармашылық ойлау қабілеттерінің дамуы және ұсақ қол моторикасын қоса дамыттық. Бұл ойында тиімді тұсы балалардың «Lego» құрастыруға балаларды кезектесе талпыныс жасап жүргенін байқадық.

Жаңартылған бағдарламаның түйінді идеясына сәйкес жоғарыда көрсеткен педогог жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрылымдалған ойын және еркін ойынды енгізуде өзіндік қиындықтары мен жағымды тұстары болды. Болашақта балалардың жұмысын бақылауда және қолдау көрсетуде тиімді тәсілдерді енгізу керектігін түсіндім. Еркін ойынды ұйымдастыру барысында балалардың қызығушылығын ескеру жөн деп ұйғардық. Барлық балалардың еркін ойынға емін-еркін араласуына қамтамасыз ету үшін «Lego» технологиясының бірнеше ойын түрін ұсыну. Сонда балалар өздерінің қалауына қарай ойын түрлеріне араласа алады деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, бағдарлама мазмұнында қарастырылған ойын түрлерін енгізу соның ішінде кәсіби дамуымда сенім білдіру, жағымды ахуал тудыру арқылы психологиялық тұрақтылық сияқты кәсіби құндылықтарымыз өзгеріс алғанын байқадық. Ең бастысы жасап жүрген жұмыстарымда жоспарлау, оқыту, бақылау дағдысына сенімділігіміз арта түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Робототехника для детей и их родителей/ В.Н.Халамов.- Челябинск, 2012.
2. Теория и методика творческого конструирования в детском саду.Парамонова Л.А.- М., 2002.
3. Фешина Е.В. Лего - конструирование в детском саду. Методическое пособие - М.: ТЦ «Сфера», 2016.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН АСЫҚ АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Губашева С. Х.

Атырау облысы Исатай ауданы

Жанбай ауылы

«Балдәурен» бөбекжай- бақшасы тәрбиешісі



Қоғамда, айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаның алдында үлкен талаптар қояды. Балалардың шығармашылық дарындылығын дамыту және оны тәрбиелеу—бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін арнайы оқыту, ерекше бағдарламалар бойынша дағдылы бағдарламаны жәй ғана кеңейту немесе күрделендіру емес, сол тапсырманы орындау барысында баланың шығармашылық, ойлау қабілетін дамытуға жұмыстану.

Балалар дарындылығының табиғаты, шығармашылық қабілеті дамуының қайнар көзі, шығармашылық мүмкіншілігінің психологиялық құрылымы—мұның барлығы арнайы ізденісті қажет ететін мәселелер.

Қоршаған ортаның, тәрбиенің және дамудың әсері нәтижесінде балалармен жүргізілетін жұмыс сипаты айқын көрінеді. Балалардың рухани өсуі және дене бітімінің жетілуі бойынша жүргізілетін зерттеу мен бақылаулар мектепке дейінгі ұйымда жүргізілетін әрбір тәрбиелік мағынаға ие жұмыстарға тікелей байланысты. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім саласының мақсаты да өмірге тез бейімделе алатын ұрпақты дайындауды көздейді. Балалардың 5-6 жастағы кезеңде зертеушілік, шығармашылық қызығушылығы артып, қабілеті қалыптасып дамитын кезеңі. Жас кезден бастап қалыптасқан дағдысы жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болады. Сонымен қатар, жеке тұлға болып қалыптасуына отбасы, көрші-көлем, мектепке дейінгі ұйым, үлкендер, ақпарат құралдарының да ықпалы өте зор.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие саласында оқу тәрбие жұмысында мен өзім еңбек етіп жүрген «Балдәурен» бөбекжай- бақшасында мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дарындылығын дамытуда асық арқылы жұмыс жүргізудемін.

Шығармашылық жұмысымның міндеті:

1. Айналадағы адамдар мен олардың әрекетіне қызығушылығымен құрметтеу сезіміне тәрбиелеу.
2. Әртүрлі жағдайларда балалардың қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру
(құрдастарымен, педагогтармен, ата-анамен т.б.)
5. Бойындағы дарындылығын дамыту кезінде эмоционалдық көңіл-күйін өзіндік бағалау қабілетін көтеру.
6. Балаларда топтасып жұмыс жасау кезінде жақсы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға баулу.
7. Балалардың ұжымдық жұмыс барысында жағдайларды ортақ шешімге келе отырып орындауға баулу.
8. Асық ойындары арқылы балаларды жан-жақты дамыту

Шығармашылық жұмысымды жетілдіру барысында алдымен мынадай жұмыс түрлерін белгілеп алдым:

- Тақырыпты айқындауым
- Тақырыпқа байланысты материалдар жинақтау
- Асық ойындары түрлерін тандап, талдауым
- Ата-анамен педагогтарға сауалнама жүргізу
- Тақырып бойынша өз білімімді ақпараттармен толықтыру
- Бұқаралық ақпарат беттеріне жариялау

Қазіргі жаңашыл қоғам дамуындағы білім мен тәрбиеде асық ойындарының шығу тарихын зерттеу, қазіргі күнде жастар санасын улап жатқан түрлі интернет ойындарына қарағанда асық ойындарының жас ұрпақтың дамуы үшін аса пайдалы екендігін насихаттау; ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, сақтай білуге үндеу. Ол үшін педагог ретінде мен балалармен жұмыс жасаудың жаңаша түрлерін қарастырып, қызығушылықтарын арттыра отырып, асық арқылы шығармашылық дарындылығын дамытуды көздеуім.

Жаңартылған бағдарламаның түйінді идеяларымен байланыстыра ойындарды ұйымдастыру арқылы ұлттық тәрбие беру арқылы тарихымызбен таныстыру; асық ойындарының денсаулық үшін пайдасы көп екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеу шығармашылық жұмысымның жаңашылдығы

Осы жұмыс бойынша күтілетін нәтиже:

Балалар төмендегідей дағды мен іскерлікті меңгереді:

1. Заттық-тәжірибелік дағдыларды меңгеруі:

- Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларына үйрету, салауатты өмір салтының негіздерін сақтау, асық ойындары арқылы танымдылық қасиеттерін дамыту;

2. Балалардың адамгершілік құндылық бағдарын қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру;

-отбасы мен қоршаған ортада рухани-адамгершілік дағды мен білімдердің қалыптасуы;

Мен баламен жұмыс бастамас бұрын асықпен терең таныстыру үшін тәрбиеленушілерге кеңестер арқылы, топтық қарым-қатынас тренингтерін өткізіп келемін. Бұл әрине, топта өзара жайлы қарым-қатынас пен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарауға ықпалы зор. Осы орайда мен асық терапиясы және ойынның түрлерін ұйымдастыру арқылы шығармашылық тақырыбымның нәтижесіне қол жеткізуге ерекше көмектесетініне мән бердім. Балаларға арналған бақшадағы әрбір режимдік сәттерді мысалы: сергіту жаттығулары, әрбір оқу қызметіне дайындайтын көрнекіліктерді асықпен жасауға дағдыландым. Бұл, әрине топ тәрбиеленушілеріне қызықты. Балалардың асыққа деген қызығушылығы артқан сайын мен де асықпен ойналатын ойындардың түрлерін көптеп қолдануға кірістім.

Асық технологиясы бүгінгі ұрпақтарды дамытуға қажетті бірегей методикалық құрал екенін айтуға болады. Әлбетте, арғы заманда асық қазақ балаларының күнделікті ойыны болатын. Қазір балалар балпаң баса бастағаннан-ақ ата-анасы жүйкесі тыныш болуы үшін қолына планшет беріп қоятынын көріп жүрміз. Педагогтардың пайымына сүйенсек, бұдан баланың зейіні тұйықталады, көзінің көру қабілеті төмендейді,

жүйкесі жұқарады, төмен қарап отырғандықтан омыртқалары қисаяды және кәдуілгі адами қарым-қатынасты ұмытады. Виртуалды әлемге бой ұрған бала қоршаған ортамен сөйлеспейді. Асық ойнай бастаған баланың бойындағы өзгерістерді ата-аналар бізге де күн сайын байқауға болады. Яғни, бала еңкейеді, тұрады, үздіксіз қозғалыс дене сымбатына көмектеседі. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қабілеті дамиды, ұтып алған асығы көбейген сайын қуанады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшылдығы мен тіл байлығын дамытады. Асық терапиясы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, сабырға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату-біздің міндетіміз деп санаймын. Сондықтан мен баламен жұмыста асық терапиясымен жұмыс жасап, балалардың танымдылық қабілетін дамытуға жұмыстандым.

Себебі: асық терапиясын қолдану барысында

- біріншіден менің қолдан жасаған ресурстарым балалардың логикалық ойлау қабілетін арттыруға;
- Коммуникативті және танымдылық қабілеттерін жетілдіру арқылы шығармашылығын дамытуға;
- Ұлттық салт-дәстүрмен сабақтастыра тәрбиелеуге;
- Ата-анамен ынтымақтастықты арттыратынына көзімді жеткіздім.

2019 жылы «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы» тақырыбында Педагогикалық шеберлік орталығы Атырау филиалынан білім жетілдіру курсынан өткен болатынмын. Бірнеше жыл тәрбиешілік еңбек өтілімде жинақтаған тәрбиемді курстың тәжірибелік кезеңінен өткенде балалармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін жаңаша көзқараспен байланыстырдым. Жаңартылған бағдарлама курсынан алған теориялық білімімді тәжірибелік кезеңде балалармен жүргізілетін жұмыс барысында көз жеткізуге жұмыстандым. Жаңартылған білім мазмұнында ойын түрлері педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрылымдалған ойын және еркін ойын деп үшке бөліп қарастырылған. Баланың ойындағы белсенділігі, іс-әрекеттері, өзара қарым-қатынастар жасауы оның дамуына ықпал етеді. «Ойнап өспеген бала, ойлап өспейді» деген сөзді ескерсек, ойынның қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Мен ұйымдастырған «Коммуникация» білім беру саласының «Сөйлеуді дамыту» бөлімінің оқу қызметінде «Біздің топтың ойыншықтары» тақырыбында балалардың асық ойындары арқылы шығармашылық дарындылығын дамыту анық көрініс тапты деген ойдамын. Тақырыпты баланың жас ерекшелігіне сай оқу қызметінің мақсатын смарттап алдым. Оқу қызметінде педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрылымдалған ойын және еркін ойындарды ойнатуды жоспарлап, смарт мақсат арқылы күтілетін нәтижеге қол жеткіздім.

Аталған үш ойында баланың жас ерекшелігін ескеріп, жаңартылған бағдарламаның түйінді идеясының 4к моделіндегі креативтілікті, сыни ойлауды дамыту, коммуникативтілік және командамен жұмыс істеу дағдыларын енгізе отырып өткізуді жоспарлады. Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойынға «Ойыншықты тап» ойынын ұйымдастырдым. Бұл ойын баланың жас ерекшелігіне тиімді деп ойламын. Себебі, осы асық ойыны арқылы баланың есте сақтау және логикалық ойлау қабілеті артады. Аталған ойын барысында жетелеуші сұрақтар арқылы «бала үні» естілді және қарым-қатынас, сыни ойлау дағдылары қалыптасты.

Ал, құрылымдалған ойын - балаға белгілі бір дағдыларды үйретуге және дамытуға бағытталған ойын. Бұл ойынға «Ханталапай» ойынын өткіздім. Ойынның тиімділігі, балалар ойын ережесін жақсы түсініп ойнайды. Ойын кезінде балалардың бір-біріне қарым-қатынасы және ойын сапасын арттырады. Бұл ойын барысында да жаңартылған бағдарламаның түйінді идеясы 4к моделін байқауға болады.

Асық ойынның қай түрі болсын баланың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады. Ойын барысында балалар өздерін еркін, ізденімпаз, тапқыр, епті етіп көрсеткісі келеді. Сезіну, ойлау, қабылдау, қиялдау, зейін қою сияқты психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде дамиды. Осыған орай, мен оқу қызметінде бір ойынды педагогтің жетекшілігімен жүргізіп, одан әрі құрылымды ойын ойнатып, еркін ойынмен аяқтауды жоспарладым және оны асықпен байланыстырдым.

Асық ойыны көздің көру қабілетін және қолдың ептілігін арттырады. Асықтың атып ойнайтын түрі үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Ойын барысында үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені бұгу, созыла түсіп, көздеп ату және тағы басқа дене қимылдары жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады. Сондай-ақ асық ойынындағы алыстан көздеп ату тәсілі баланы жастайынан мергендікке үйретеді. Асық ойыны арқылы кішкентайынан мергендікке баулынған қазақ жауынгерлері садақ тартудан да, найза лақтырудан да алдарына жан салмаған. «Осындай ерекшеліктері бар асық ойыны ұлттық ойындар құрамына еруге әбден лайық. Шындап қолға алса, бұл ойынды қазақтың кез келген баласы тез меңгеріп кетеді. Денсаулыққа зиянын тигізетін компьютерден гөрі, таза ауада ойналатын қимыл-қозғалысқа толы асық ойыны балалар үшін әлдеқайда пайдалы. Асық ойнап үйренген бала қазіргі балалардай компьютер алдында күн ұзақ көз майын тауысып отырып алмайды. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Атқа қарғып мініп садақ ататын қазақ жігіттерін бүгінгі таңда мүлде кездестірмейміз. Жастайынан дәлдеп сақа атып, көз жанарын мергендікке баулымаған балалардан әрине мұндайды күтудің өзі артық болар. Дегенмен, ештен кеш жақсы дегендей бүгіннен бастап асық ойындарын арнайы балалар спорты деп қабылдап, мектептерге пән ретінде енгізсек қазақ балалары үшін үлкен жақсылықтың алды болар еді.

Бұрындары ата-бабаларымыз «асық ойнаған – азар» деп балаларын тек еңбекке баулуды ғана мақсат еткен. Менің шығармашылық жұмысымды жазуда алдыма қойған мақсатымның өзі де сол ұлттық құндылығымыздың бірі де бірегейі – асық ойындарының пайдасын насихаттау болатын. Сонымен қатар, ойын - бала есі кіріп, тілі былдырлағаннан бастап, тілі мен ұсақ моторикасының дамуын мектеп жасына дейінгі кезеңде жалғастырып, адаммен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі болғандықтан, қазақ халқында «баланы ойын өсіреді» деген даналық сөз тегін айтылмаса керек. Бала ойнай жүріп ойланады, ойланып жүріп ой-өрісін дамытады, танымдылық қабілетін дамыта жүріп-жүйкесі тынығады, зерттей жүріп-көңілі өседі, қимылдай жүріп-бойы сергиді, денесі шынығады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сағындықов Е. С. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, «Рауан» 1991.
2. Интернет ресурсы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДА

ЕСКЕРІЛЕТІН МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР



Батырова Х.Ж.



Қалауова А. Р.

Атырау қаласы

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы тәрбиешілері

Тіл–адамдардың бір-біріне пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы болғандықтан тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі ерекше. Тілдің грамматикалық сөйлеу мәдениетін игеруде баланың сәби шағынан басталып, біртіндеп жетілетін кезеңі балабақшада жүзеге асырылады. Тіл арқылы адамзат тілдесудің үлкен мүмкіндіктеріне ие, қарым-қатынасын біріктіреді, және көзқарастарын қалыптастырады. Сондықтан, тілдің дамуына, әсіресе мектеп жасына дейінгі бала тілінің дұрыс қалыптасуына ерте бастан ерекше мән берген жөн. Тілі шыққаннан балада танымдылық қасиеті дамып, қоршаған ортаның қыр-сырын танып білуге құштарлығы оянады.

Балабақшада тәрбиеленіп жүрген баланың тілі де, ой-өрісі отбасы мүшелерінің жанында және бақшада танымдылық сұрақтарды жиі қою арқылы жақсы дамиды. Отбасы тәрбиесімен бірге балаларға бақшада педагогтар баланың тілін жаттықтырып, ой-өрісін дамытуды басты назарда ұстап, баланың жас ерекшелігіне қарай бағдарламалық өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар бала тілін дамытып ғана қоймай, тілдік ұғымын кеңейтумен бірге, дыбыстарды дұрыс айтып үйретуге баулиды, сөздік қорын байытады.

Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының «Қатынас» білім беру саласы-балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану жұмыстарына жүйеленген.

Балалардың тілін дамытудағы алға қойған мақсаттарымыз:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлем құрап өз ойларын еркін жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

-Сөздің жалпы ұғымын түсініп сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

-Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда біздер

1.Сөздерді септік,көпше, жекеше түрлерін дұрыс үйлестіре білуге үйретуді

2. Сөздердің кейбір күрделі түрлерінің жасалуын үйрету. Мыс: ілік септігіндегі зат есімнің көпше түрі (ойыншықтардың, адамдардың, боталардың), етістіктің түрлері (жату, жүру, жүгіру)

3. Жан - жануарларды, олардың төлдерін зат есімнің жекеше, көпше түрінде айту біліктілігін дамытуға

4. Салалас құрмалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдануға мүмкіндік туғызу және жай сөйлемнің құрылымын жетілдіруге үлкен мән бердік.

Атырау қаласында №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасында ортаңғы топ тәрбиеленушілерімен жұмыс жасау барысымызда баланы ең алдымен өз ана тілінде еркін сөйлеу, баланың сөздік қорын байыту және сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу, көптеген әдіс-тәсілдерді қолдануды басшылыққа аламыз. Жұмыс жасау барысында нәтижеге қол жеткізуіміз үшін: баланың тілін дамыту «немен қызықтырамыз?», «қалай оқытамыз?», «неліктен осылай жасау керек?» деген сұрақтардың жауабын табуға тырыстық.

Тіл дамыту жұмысының негізгі мақсат–баланың сөздік қорын байыту, сөйлем құрап айтуға, әңгімелей білуге үйрету болса, біз баланы сөйлеуге үйрету, тілін дамыту, ой-өрісін кеңейту жұмысында бір топтағы әр баланың сөйлеу дәрежесін байқап, анықтадық. Сонда ғана оқыту–үйрету ісінде неге көңіл бөлуге болатыны айқындалады. Баланың сөздігі балаларды жекелей бақылау негізінде, нақтылы, көрнекі материалдарға сүйене жүргізілді.

1. Әңгімелеу, әңгіме құрастыру (өзі көріп білген жайттар туралы, сурет мазмұнын, оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелету).

2. Сөзді түсініп айту дәрежесін байқау. Ол үшін балаға таныс және таныс емес заттарды көрсетіп сұрау, әңгімелесу.

-Балаға бірнеше таныс заттар мен ойыншықтарды көрсетіп (суреттен немесе заттың өзін) сұрап, түр – түсін, атын, пішінін, қайда, не үшін жасалатынын айтқызу.

-Бөлмедегі 10 – 15 затты бір орынға қойып, соның ішінен бір заттың атын тәрбиеші сөзбен айтады, бала затты танып әкеліп, түр – түсін, пішінін сипаттау

-Балаға күн сайын жиі пайдаланатын заттарды (сабын, тәрелке, орамал, щетка т. б.) суреттен көрсетіп, оның атын, қажеттілігін, неден жасалғанын сұрауды әдетке айналдырдық.

-Тұрмыстық және топтағы заттар: қайық, үтік, шар, доп сияқты пішіні ұқсас заттарды көрсетіп, олардың не екенін, не үшін қажеттігін, сапасын, неден жасалғанын, ұқсас жақтарын айтқызу арқылы баланың тілін дамыта отырып, қауіпсіздік ережелерін үйретуді де ұмытпадық.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал—мәтелдер арқылы да беріледі. Қазақты мақал—мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Бала тілінің дамуына жұмбақтар да үлкен роль атқарады. Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр—жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт-бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуға жұмыстандық.

Балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, тілінің дамуында, дұрыс сөйлей білуге баулуда бақшаның оқыту қызметінің, тәрбиесінің ықпалы зор. Сондықтан, қазіргі заман талабына сай оқу — тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойнай отырып-ойлануға, ойлана жүріп тілін дамыту, әдеби мұралармен сусындата тәрбиелеу,

әрбір тәрбиешінің алға қойған міндеті деп білеміз. Сол мақсатқа жету үшін шығармашылықпен қажымай еңбек етуге міндеттіміз.

Пайланылған әдебиеттер:

1. Отбасы және балабақша журналы
2. Л.П.Федеренко, Г.А.Фомичева, В.К.Лотарев, Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. Алматы «Мектеп», 1981.
3. Әдістемелік нұсқау даярлық топ, Алматы кітап 2010.
4. Мұқанов М. Ақыл-ой өрісі. Алматы, «Қазақстан» баспасы. 1980.
5. Баймұратова Б. «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету» А.1981.

РОЛЬ ТЕАТРАЛИЗОВАННОЙ ИГРЫ В РАЗВИТИИ РЕЧИ

ДОШКОЛЬНИКОВ

Жиембаева В. У.

Воспитатель ясли-сада №34 «Нұрбөбек»

Город Атырау



Театрализованная деятельность не только вводит детей в мир прекрасного, но и развивает сферу чувств, будет соучастие, сострадание, развивает способность поставить себя на место другого, радоваться и тревожиться вместе с ними. Самый короткий путь эмоционального раскрепощения, снятия зажатости, активизацию речевого общения дошкольников - это путь через общение, фантазирование, сочинительство. Все это может дать театрализованная деятельность. В театральной деятельности развиваются все характеристики речи: чистое звукопроизношение, четкая дикция, интонационная выразительность, лексическая точность, грамматическая правильность речи.

Игра-наиболее доступный ребенку и интересный для него способ переработки и выражения впечатлений, знаний и эмоций (А.В. Запорожец, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, Д.Б. Эльконин и др.). Театрализованная игра как один из ее видов является эффективным средством социализации дошкольника в процессе осмысления им нравственного подтекста литературного или фольклорного произведения и участия в игре, которая имеет коллективный характер, что и создает благоприятные условия для развития чувства партнерства и освоения способов позитивного взаимодействия. В театрализованной игре осуществляется эмоциональное развитие: дети знакомятся с чувствами, настроениями героев, осваивают способы их внешнего выражения, осознают причины того или иного настроения. Велико значение театрализованной игры и для речевого развития (совершенствование диалогов и монологов, освоение выразительности речи).

Театрализованные игры способствуют активации разных сторон речи детей:

- словаря;
- грамматического строя;
- диалогической и монологической речи;
- совершенствованию звуковой стороны речи.
- формированию хорошей дикции, развитию выразительности произношения и повышению культуры слова.

Главное, чтобы ребенок не просто заучил фразу или предложение, а понял смысл сказанного. Чтобы в последующем он смог сам построить предложения, использовать эти конструкции в другой ситуации.

Наконец, игра является средством самовыражения и самореализации ребенка.

Этапы подготовки к инсценировке:

1. Просмотр сказки или прослушивание сказки
2. Обсуждение и вспоминание героев сказки
3. Введение слов и конструкций по теме

В играх-драматизациях ребенок, исполняя роль в качестве "артиста", самостоятельно создает образ с помощью комплекса средств вербальной и невербальной выразительности. Видами драматизации являются игры-имитации образов животных, людей, литературных персонажей; ролевые диалоги на основе текста; инсценировки произведений; постановки спектаклей по одному или нескольким произведениям; игры-импровизации с разыгрыванием сюжета (или нескольких сюжетов) без предварительной подготовки.

В режиссерской игре "артистами" являются игрушки или их заместители, а ребенок, организуя деятельность как "сценарист и режиссер" управляет "артистами". "Озвучивая" героев и комментируя сюжет, он использует разные средства вербальной выразительности.

Необходимо, начиная с дошкольного возраста проводить коллективные развивающие и специальные театральные игры, создавать веселую и непринужденную атмосферу, подбодрить зажатых и скованных детей, не акцентировать внимание на промахах и ошибках. Театрально– игровая деятельность дает возможность развивать способности каждого ребёнка, формировать его творческое воображение, коммуникативные навыки. Дети спешат рассказать об участии в сказке товарищам и родителям. Инсценировка является показателем совместной работы педагогов, родителей и детей. Существуют разнообразные виды театров, но все они способствуют развитию у детей артистизма и творческих способностей, а мы педагоги и родители должны увидеть эти качества у детей, раскрыть их и помочь нашим детям проявлять себя.

Занятия театрализованной деятельностью не только вводят детей в мир прекрасного, но и пробуждают способности к состраданию и сопереживанию, активизируют мышление и познавательный интерес, а главное-раскрепощают его творческие возможности и помогают психологической адаптации ребенка в коллективе.

Литература:

1. Ю.Л. Алянский "Азбука театра". 1998.
2. А.Г. Арошанова Дошкольный возраст: формирование грамматического строя речи у детей. Дошкольное воспитание. 1993. №9
3. О.А. Белобрыкина "Речь и общение". Ярославль. 1998.
4. А.М. Бородич "Методика развития речи детей". 1998.
5. Э.Г. Чурилова "Методика и организация театрализованной деятельности дошкольников. Москва 2003.

ЗАБОТА О ЗДОРОВЬЕ ДЕТЕЙ – ПЕРВОСТЕПЕННАЯ ЗАДАЧА НАШЕГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО КОЛЛЕКТИВА



Жолданбаева И.Н.
Директор ясли-сада №34 «Нұрбөбек»
города Атырау



Суюндукова Ш.У.
Инструктор по ФИЗО

Детский сад не может, да и не имеет права существовать без соблюдения здоровьесберегающего аспекта в своей деятельности. Прежде чем заботиться об интеллектуальных и творческих способностях мы должны позаботиться в первую очередь о здоровье ребенка. Забота о здоровье детей в нашем детском саду является первостепенной задачей. Без преувеличения отмечу, что у нас, в Детском саду № 34 «Нұрбөбек» сложилась стабильная и эффективная система оздоровления, что подтверждается уменьшением количества пропущенных дней по болезни. В первую очередь положительным результатам способствует слаженная работа медицинского персонала и педагогов по профилактике заболеваний, соблюдению температурного режима, режима дня, ежедневные прогулки и выполнение программ оздоровления детей. Из всех здоровьесберегающих технологий коллектив яслей-сада отдает предпочтение тем, которые обеспечивают дифференцированный, гибкий подход к процессу воспитания, обучения и развития дошкольников и направлены на сохранение и укрепление здоровья детей, формирование у родителей, педагогов, воспитанников ответственности в деле сохранения и укрепления собственного здоровья.

В организации укрепления и сбережения здоровья воспитанников коллектив руководствуется принципами:

Научности-подкрепление всех проводимых мероприятий, направленных на укрепление здоровья, научно обоснованными и практически апробированными методиками;

Природосообразности-учет возрастных и индивидуальных особенностей детей в воспитательной, образовательной и коррекционной деятельности;

Комплексности и интегративности - решение задач валеологического воспитания в общей системе образовательного процесса;

Адресованности и преемственности - учет разноуровневого развития воспитанников и состояния здоровья, поддержание связей между возрастными категориями.

Комплексный подход к формированию основ здорового образа жизни состоит из компонентов, главные из которых: эколого-гигиенические условия, правильное

питание, психологический комфорт, рациональный распорядок дня, оптимальный двигательный режим, система закаливания, адекватная особенностям здоровья каждого ребенка.

1. Психологический комфорт - уважение к личности ребенка, демократический стиль общения; условия для свободного выбора деятельности; наличие мест для уединения; комфортные условия быта; индивидуально для каждого из детей улыбка и похвала взрослых (многократно в течение дня).

2. Распорядок дня-индивидуализация и воспитательная направленность всех бытовых процессов; физиологически обоснованное, с учетом индивидуальных особенностей детей, соотношение времени бодрствования и сна; педагогически обусловленное чередование активных и спокойных видов деятельности; включение в распорядок дня упражнений по овладению гигиеническими навыками, культурой поведения, др.

3. Эколого-гигиенические условия-соблюдение санитарно-гигиенических норм (генеральная уборка, сквозное проветривание, световой коэффициент, температурный режим в помещениях); создание «мини - экологических» зон в помещении и на участке.

4. Оптимальная двигательная активность-достаточные площади для движений в помещении и на участке; разнородность физкультурно-игровой среды; специально предусмотренное время и место для самостоятельной двигательной деятельности; включение движений во все виды игр-занятий (в том числе умственного характера) и деятельности.

5. Закаливание-система мероприятий (процедур), направленных и способствующих повышению сопротивляемости детского организма к неблагоприятным воздействиям внешней среды.

Результатом и показателями эффективности внедрения данной системы в практику работы яслей-сада является снижение уровня заболеваемости детей в процессе учебного года.

Мы не стремимся взять на себя лечебную миссию и какие-то медицинские сверхобязанности. Мы, прежде всего, образовательное учреждение, первая, самая главная ступень в лестнице непрерывного образования. Но наша задача – максимально не допустить, чтобы дети нуждались в специальном лечении. Наша задача – как минимум сохранить тот уровень здоровья, с которым дети пришли к нам. И даже если этот уровень недостаточно высок – обеспечить малышам полноценное, созидательное развитие, научить ценить здоровье и беречь его.

Художественная литература:

1. Александрова Е.Ю. Оздоровительная работа в дошкольных образовательных учреждениях по программе «Остров здоровья». Учитель, 2006.

2. Ланда, Б.Х. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности

3. Лукьяненко, В.П. Физическая культура: основы знаний / Виктор Павлович Лукьяненко. Совет. спорт, 2003./

БАЛА ТӘРБИЕСІ АТА-АНА ҮШІН КҮРДЕЛІ ДЕ, ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Стамгазиева Ф.У.

Атырау қаласы

№35 Х. Ерғалиев атындағы мектеп гимназия

Отбасы балаға жастайынан адами құндылықтарын танытып, саналы және өнімді өмір сүруге бағдар беруге міндетті.

Отбасы-қоғамның іргетасы, ажырамас бөлігі. «Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» деген болатын. Барлығына белгілі – бұл әлемдегі шынайы байлық – ол отбасы.

Отбасы бізге күш пен өзімізге деген сенімділік береді, өмір үйрететін сабақтардан сүрінбей өтуге көмектеседі, адамгершілік құндылыққа баулиды. Отбасы тәрбиесі-қоғам негізінің бастауы.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені өз отбасында өтіп жатады. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын-тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Бала өсіп өне келе, тәлім-тәрбие алуға мектеп табалдырығын аттайды. Мектеп пен ата-ана арасында тығыз байланыс орнайды. Сондықтан да ата-аналардың баланы жақсы тануына, оны түрлі жағдайда көре алуына, үлкендерге баланың жеке ерекшелігін танытуға, олардың қабілеттерін дамытуға, өмірлік құнды бағдарын қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлықтарынан арылтуға көмек беруге мүмкіндік береді.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы - адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы–ата-ана. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы–ата-анасы. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, онда қалыптасқан он, моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсінік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

Ата-ананың бала тәрбиесіндегі міндеттері:

1. Балаңыздың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы;
2. Сабақтан келген балаңыздың күнделікті күнделігін тексеріп, көмек көрсету;
3. Мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу;
4. Сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымымен байланыста болу;
5. Балаңыздың мектептегі жағдайын жасау барысында өз еркінізбең оқу-тәрбие іс-шараларына қаржылық көмек көрсету;
6. Мектептегі ашық есік күні балаңыздың сабағына қатысу;

Сыныпта, мектепте болатын кез-келген жұмыстарға мектепшілік іс-шараларға, сынып жетекшілердің ең бірінші қолдап, демеу көрсететін-сынып оқушыларының ата-аналары. Кез келген мәселенің жауабы ата-аналармен шешімін табуға тиісті.

В.А.Сухомлинский өзінің «Ата-ана педагогикасы» деген еңбегінде былай дейді: «Қоғамдық тәрбие отбасынан басталады». Әсерлеп айтқанда, әуелі отбасында тамыры бітеді де, бұталары да, гүлдері де, жемісі де содан шығады. Ендеше: “Тәрбиенің негізгі тірегі-ата-ана мен ұстазы екенін ескере отырып, осы бағытта бірігіп жұмыстанайық, ағайын!” дегім келеді.

Сабақ жоспары

ЗАТТАРДЫ ЖІКТЕУ

Шихиева С.

*Атырау облысы Махамбет ауданы
Береке орта мектебінің мұғалімі*

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Сынып: 5 «А»	Мектеп: Береке орта мектебі Пәні: Жаратылыстану Мұғалімнің аты-жөні: Шихиева Салтанат
Сабақтың тақырыбы	Заттарды жіктеу
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)	5.3.2.5- заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктеу
Сабақтың мақсаты	Барлығы: - заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктей білу. Көпшілігі: Заттар ерігіштігі бойынша металдар мен бейметалдар жіктеп салыстыру. Кейбіреуі: Заттар ерігіштігі бойынша металдар мен бейметалдарды көрсету.
Бағалау критерийі	Заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктей біледі Заттар ерігіштігі бойынша металдар мен бейметалдар жіктеп салыстыра алады. Заттар ерігіштігі бойынша металдар мен бейметалдарды көрсете біледі.
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: металл, алтын электрөткізгіштік, бейметалл Диалог құруға\ жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Сіз қалай түсінесіз еритін зат дегенді? Сіз қалай түсінесіз ерімейтін зат дегенді? Химиялық элементтер дегеніміз ?
Құндылықтарға баулу	Білім алушы тақырып бойынша алған білімдерін қолданады.
Пәнаралық байланыс	Химия
Алдыңғы бөлім	Еріген заттың массалық үлесі

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру. А) оқушылармен амандасу, түгендеу, көңіл күйлерін қадағалау Ә) сабақтың мақсатымен таныстыру арқылы зейінін сабаққа аудару.	Оқулық

	<p>Үй тапсырмасы: Серпілген сауал</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Еру деген не? 2. Ерігіштік деген не? 3. Еріген заттың массалық үлесінің формуласы 4. Массалық үлестің өлшем бірлігі 5. Массалық үлес дегеніміз не? <p>Есеп шығару. 100 грамм суда 25 грамм тұзды ерітті. Ерітіндідегі тұздың массалық үлесін тап.</p>																											
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>Жұптық жұмыс</p>	<p>III. Жаңа сабақ.</p> <p>Біздің өмірімізде металдар барлық жерде кездеседі. ежелгі адамдар металдардың қасиетін оларды ерітуге және әртүрлі қалыпқа келтіруге болатынын байқаған. 18 ғасырда 17 металл белгілі болған. Қазіргі кезде белгілі металдардың саны 92-ге жетті.</p> <p>Қызығушылықты ояту Металл мен бейметалл туралы видео көрсету Сұрақтар. Бейне жазбадан не көрдіңіздер?</p> <p>Зертте! 4 стаканға аталған заттардың бірдей мөлшерін ($\frac{1}{2}$ қасық) салып, 200 г суда ерітіңіз. Еритін және ерімейтін заттарды ажыратыңыз.</p> <p>Суретке қарап метал мен бейметалдарды топтастыр</p> <table border="1" data-bbox="459 1232 1212 1512"> <tr> <td>МЫС</td> <td>АЛТЫН</td> <td>ҚАЛАЙЫ</td> <td>ТЕМІР</td> <td>КҮМІС</td> <td>СЫНАП</td> </tr> <tr> <td>СУТЕГІ</td> <td>КӨМІРТЕГІ</td> <td>КҮКІРТ</td> <td>БРОМ</td> <td>ИОД</td> <td>ФОСФОР</td> </tr> </table> <table border="1" data-bbox="507 1545 1197 1702"> <thead> <tr> <th>Металдар</th> <th>Бейметалдар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор Білім алушы Металға не жаттатынын ашып айта алады; бейметалға не жататынын ұсына алады.</p> <p>Металл мен бейметалдардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықта. Салыстыру сызығы кестесін толтыру</p> <table border="1" data-bbox="427 1937 1264 2049"> <thead> <tr> <th>Металдар</th> <th>Салыстыру сызығы</th> <th>Бейметалдар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td>Иілгіштігі</td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>	МЫС	АЛТЫН	ҚАЛАЙЫ	ТЕМІР	КҮМІС	СЫНАП	СУТЕГІ	КӨМІРТЕГІ	КҮКІРТ	БРОМ	ИОД	ФОСФОР	Металдар	Бейметалдар							Металдар	Салыстыру сызығы	Бейметалдар		Иілгіштігі		
МЫС	АЛТЫН	ҚАЛАЙЫ	ТЕМІР	КҮМІС	СЫНАП																							
СУТЕГІ	КӨМІРТЕГІ	КҮКІРТ	БРОМ	ИОД	ФОСФОР																							
Металдар	Бейметалдар																											
Металдар	Салыстыру сызығы	Бейметалдар																										
	Иілгіштігі																											

Жеке жұмыс.		Қаттылығы		
		Электрөткіштіктігі		
		Металдық жылтырлығы		
	Иә жоқ ойыны			
		Пікір	жауап	
		Иілгіштік- металдық қасиеті	иә	жоқ
	Барлық бейметалл- қатты заттар	иә	жоқ	
	Металдық жылтырлық барлық бейметалға тән	иә	жоқ	
	Сынып бейметалға жатады.	иә	жоқ	
	Алюминийде металдық жылтырлық жоқ	иә	жоқ	
	<i>Оқулықпен жұмыс. Өлеңді оқы. Металдармен бейметаллдардың негізгі қасиеттерін анықта.</i>			
	Сұрақтар:			
	1.Металдың құрметіне аталған қандай дәуірлерді білесің?			
	2.Қандай физикалық қасиеттер металдық байланыстар тудырады?			
	3.Ең иілгіш металл қайсысы?			
	4.Қай металл түрі электр қуатын жақсы өткізеді?			
Сабақтың соңы	Сабақты бекіту. Сұрақ- жауап әдісі			Ынталандыру
	1. Метал дегеніміз не?			
	2. Алтын қандай металл?			
	3. Бей металл дегеніміз не?			
	4. Электрөткізгіштік деген не?			
	Кері байланыс ББҮ кестесі			
	Білдім	Білгім келеді	Үйрендім	
	Үйге тапсырма :Металл мен бейметалл туралы эссе жазу.			